

ÚZDİK PEDAGOG

JURNALY



Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік

№09(56)
(2025 ж. Қыркүйек
/Сентябрь 2025 г.)



ЖАС ҚАЛАМГЕР

ҚР Журналистер Одағының мүшесі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні

МҰҒАЛІМ



Әбдіманап

Дана

Қанатқызы

ÚZDIK PEDAGOG

Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №09(56) (2025 ж. Қыркүйек) шығарылымы.
Выпуск №09(56) (Сентябрь 2025 г.) республиканского педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY».

Басылымның кезеңділігі - айына 4 рет шығады

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

№ KZ35VPY00080588 есепке қоюы туралы
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет № KZ35VPY00080588

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации Министерства
информации и общественного развития Республики
Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:

білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-
тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық,
педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату
бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:

публикация материалов по распространению учебно-
методического, научно-практического,
информационно-аналитического, педагогического
инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан

Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қарағанды медицина университеті

Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер

Қасқабаяева Ф.С. – педагог-шебер

Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші

Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есберген Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар
жауапты болады.

Редакция материалдарды қабылдамауға
құқылы.



Ответственность за достоверность
материалов несут авторы. Редакция
оставляет за собой право отклонять
материалы

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.

С правилами для авторов педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Әбдіманап Д.К. Сағыныш мекені	4
Касенова Ж.Е. Математическая грамотность во 2 классе	7
Косманова А.Б. Күнделікті өмірдегі математика: функционалдық сауаттылық	9
Накипбаева Т. Бастауыш сыныпта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	12
Таукенов К.Б. Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын оқытудың белсенді формалары мен әдістері.....	15
Канашева А.К. Қазақ тілі сабақтарындағы халық педагогикасының тәрбиелік маңыздылығы.	18
Сарсенбаев Н.А. Дене, ойын және шығармашылық терапиясы: педагог-психолог қызметіндегі балама әдістер	22
Солодовник О.А. Логосказки - как метод коррекции речевых нарушений у дошкольников	25
Байлиева А.Б. Мәтін жазу шебері	28
Жусупова Ж.М. Адал азаматты кіріктіру	30
Бибулатова А.Р., Кравченко К.А. 3D-моделирование и 3D-дизайн на уроках математики как фактор формирования практических навыков и развития функциональной грамотности обучающихся.....	33
Бегенова Ж.А. «Сықырлы театр әлемі»	35
Омержанова М.А. Логопедическая работа с детьми с общим недоразвитием речи.....	37
Тулбекова Н.Ж. Ерекше білім беретін бастауыш сынып оқушыларымен сабақта нейро ойындар мен жаттығулардың пайдасы.....	39
Сикимбаев Д.С. Волейбол: спорттық шеберлік пен тұлғалық даму	40
Отежанова Р.Т. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі	41
Сабанбаева Г. «Гидропоникалық әдістер және олардың тиімділігі»	43
Ергешева Г.А. Бастауыш сынып оқушыларының зейінінің психологиялық ерекшеліктері және оқу процесінде ерікті зейінін дамыту жолдары	46
Аманкулова Б.Х. Мобильді қосымшаларды жасау: негізгі принциптер	47
Аширбекова Г.К. Инновационные подходы в преподавании русского языка и литературы	49
Аманбаева А.А. Қазақ тілі сабағында саралап оқыту тәсілдерін қолдану	51
Джумабаева Х.А. «Оқушылардың ауызша тілін дамыту, диалог және монолог құру дағдыларын қалыптастыру»	53
Бахытқызы Ж. Ойын арқылы тәрбие мен білім беру	55
Маханова Б.Е. Оқушылардың сөздік қорын дамыту арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	56
Шайжанова А.А. Применение STEAM технологий на уроках художественного труда	59
Карымсакова А.Т. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын қалыптастырудың маңыздылығы	62
Койшекенова Д.К. «Алдар көсе қонақта».....	65
Ходжа-Ахметова А.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой белсенділігін қалыптастыру үшін сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын пайдалану	66
Кабдыкаримова А.Б. Баланың тұлғалық дамуының психологиялық ерекшеліктері	70
Байболова М.Е. Бастауыш сынып оқушыларының оқу құзыреттілігін дамытуға бағытталған заманауи білім беру технологияларын тәжірибеге енгізу.....	71
Сағындықова А.С. Оқу сауаттылығын арттыруға арналған практикалық тапсырмалар	75
Тажрибаева М.Н. Волейбол ойыны элементтері	77
Бұхарбаева Ә.Ә. Мектепке жол акциясы	80
Райысханова Е.Б. Бастауышта жаттығулар арқылы логикалық ойлауды дамыту	82
Заманбек С. Сөз таптары түрлерін ажырата білудің тиімді тәсілдері	85
Есенгужина Г.А. Педагогическая значимость активных методов обучения в начальных классах	87
Карибаева А.Е. Қызықты информатика: ойын мен білім үндестігі.....	90
Есенова Ф.Т. 8-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытудағы заманауи стратегиялар	92

Әбдіманап Дана Қанатқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жас қаламгер, ҚР Журналистер Одағының мүшесі
 “М.Мақатаев атындағы №140 гимназия” ШЖҚ МКК
 Алматы қаласы

**САҒЫНЫШ МЕКЕНІ**

*Тілеубай Сәния Өскенбайқызының ұстаздық қызметіне арналған
 «Үздік педагог» кітабынан үзінді*

Алматы таңы... Алтын күз... Мектеп ауласы... Күні кеше ғана Білім күнін атап өткен едік... Әні-міне дегенше, қыркүйек айының екінші аптасы да басталып кетті. Ауада жеңіл салқындық сезіледі, бірақ күннің ыстығы әлі де бар. Мектеп ауласында балалардың жарқын дауыстары жарыса естілуде. Топ-топқа бөлінген оқушылар әртүрлі ойындар ойнап жүр. Ауланы қайта-қайта сыпырса да, қызыл, сары, жасыл жапырақтар жерде шашылып, ерекше сән беруде. Алматының таулары алыстан көрініп, көк аспанмен үйлесіп, мектеп ауласын одан әрі әдемілеуде. Мектептің ауласы - жай ғана оқушылардың жүріп-тұратын жері емес, олардың шығармашылықпен шұғылданып, ойын ойнап, достарымен уақыт өткізетін, әдемі орта. Бұл жерде әрбір кішкентай бөлшек, әрбір бұтақ пен гүл, әрбір сызат — мектеп өмірінің бір бөлігі.

Сәния ұстаз мектептің алдындағы алаңда тұрып, қалың ойға батты. Ол бұрынғыдай мектепке қарап, әрбір тас пен ағашты, терезелерді және есіктерді бірде күлімсіреген, бірде мұңайған көзбен шолып шықты. Осы мектептің қабырғасында қаншама ұрпақ өсті, қаншама балалар білім алып, болашаққа қадам басты. Ұстаз жүрегінде терең сезім жатыр, ол — уақыттың өтпелілігі.

Сәния Өскенбайқызының ұстаздық жолының басталғанына да 40 жылдан астам уақыт өтті. Уақыт зымырап өте шыққандай көрінгенімен, осы жылдар арасында қаншама қуаныш пен қиындық, сәттілік пен сәтсіздік қатар жүрді. Сәния апайдың әлі де ұстаздық миссиясы жалғасуда, мақсаты көп, оның бастысы — өзгеріс. Бүгінгі мектептің оқушылары мен мұғалімдері өзгеше, олардың түсініктері де, дүниетанымы да басқа. Заман жаңа бағытқа бет алды, білім беру жүйесі де жаңарды. Бірақ сол өзгерістерге қарамастан, ол мектептің ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан әдемі дәстүрі мен әдебінің өзгермегенін, өзінің де, шәкірттерінің де ұлттық ұлы құндылықтардан алыстамағанын қалады.

Көз алдына өткен күндердің естеліктері елестеді. Оқушы толы сынып... Жалындаған жастық шақ... Арман толы жүрек... Шығармашылық шу... Балалардың күлімсіреген жүзі... Білімге деген ұмтылысы... Жаңалықтарды жатсынбайтын кіп-кішкентай бүлдіршін бейнелері...

...Кенет мектеп ауласының ар жағынан бір шуыл естілді. Асыға басып топтасқан оқушыларға жақындады. Ауладағы бар шәкірттің назарын аударған бұрынғы шәкірттері - Даир, Өркен және Диас екен. Олар - 2021 жылы мектепті үздік бітірген оқушылар.

Өзінен әлдеқайда үлкен болып, өсіп кеткен, үш шәкірті сабырлы түрде мектепке қарай келе жатыр екен. Ауладағы бар оқушы оларды танып, айқайлап, көргендеріне мәз. Мұғаліміне ерекше ілтипатпен қараған Өркен байыппен: «Көңілсіз жүр едім, мектепке келіп, жаным жадырап кетті ғой», – деп, ұстазына жақындады. Көзінде сағыныш оты жарқыраған Диас та Сәния апайдың алдынан шығып, құшақтай алды.

– Сәния апай, қалыңыз қалай? Біз мектепке, сізге келдік. Біз сізді қатты сағындық, сол себептен де келіп, амандасып кетуді ұйғардық – деді Даир.

Ұстаз жылы шыраймен: – Әрине, әрқашан да күтіп жүремін ғой, қазір де сағынып қарсы алып тұр емеспін бе?! – деп, шәкірттерін қос жанарына жас толып, қарсы алды. Бәрі бір – бірін құшақтап, хал сұраса, мектеп ішіне кірді. Шәкірттер мектептің дәлізінде қатар тұрғанда, оларға мектептегі баяғы күндері елестеді. Өркен қолында кітап ұстап тұрғанын, Даир қыздардың аты жазылған қағаз ұшақты ұшырып жүргенін, ал Диас дәлізде дамыл таппай жүгіріп жүретін сәтін еске түсіріп, жадырап сала берді.

– Біз сіздің өткізген физика сабақтарыңызды қатты сағынамыз, – деп сөз бастаған Өркен: – одан бері көп нәрсе өзгерді. Бала күнімізде бәрі әдемі, қарапайым әрі түсінікті болатын. Ал қазір университетте бәрі басқаша – деді.

Шәкіртінің ойлы сөзіне Сәния апай ойланып қалды. Әр шәкіртіне қарап, олардың жүзінен баяғы оқушыларын ғана емес, өмірдің түрлі кезеңдерінде өсіп-өркендеген адамдар кейпін көрді. Ұстаз олардың әрқайсысынан үлкен үміт күтетін, әрі оны үнемі жасырмай айтып отыратын.

– Мен сендерге көп білім бердім деп, мақтана алмаймын, – деді Сәния апай: – бірақ менің ақыл-кеңестерімнің өмірде өз жолдарыңды табуда көмектескеніне сенімдімін. Өмірде әрқайсысымыз өз жолымызбен жүріп өтеміз, ал мектептегі сабақ – өмірдің алғашқы баспалдағы, жаңа өмірдің іргетасы. Тарам-тарам өмір жолында мен сендерге тек сәттілік тілеймін!

Даир Сәния апайға жақындап:

– Қазір ғана бірдеңені түсінгендей болдым, біз мектепте сіздерге армансыз еркелеппіз, бірақ өмірдің еркелетпейтінін кейін түсіндік. Мектепте бәрі анық еді, сабақтар, тапсырмалар – бәрі-бәрі түсінікті болатын. Ал қазір біз бала емеспіз, есейдік. Біз үшін өмірдің түсінуге қиын жаңа сабақтары басталып бара ма, қалай өзі?! – деді.

Диас үндемей тұрды, бірақ оның көзінен ұстазы оймен қатар күдікті бірден байқады да, Даирдың сөзін іліп алып кетті:

– Диас, мысалы, сен мені әлі де іздеп келіп тұрасың. Бұның өзі – мен үшін үлкен қуаныш. Бәлкім, сендер бір сәтке оралып, мектептен балалықтарыңды іздейсіңдер. Бірақ ең маңыздысы – мектепке келіп, өткеннен қуат алып, жаңаға ұмтылуларың! Сендер мықтысыңдар! Мен сендерге сенемін – деді.

Диас терең ойға шомып, аздан соң ұстазының сөзіне жауап берді:

– Иә, апай! Сіз үнемі біздің ойымызды жақсы жаққа өзгертесіз! Біз сіздің сабақтарыңызда тек білім ғана емес, өмірдің сынақтарымен күресу тәсілін де үйрендік қой. Осы жолы мектепке қайта оралып, сізбен сөйлесудің өзі бекер емес, балалық пен ересек өмір арасындағы шекараны біз ғана өзіміз анықтай аламыз. Мектеп, ұстаздар – бізді қуаттағыш іспеттес, сол үшін де мектепке келген жайымыз бар –деп күлді.

Кенет тыныштық орнады. Қарапайым мектеп дәлізіндегі әңгіменің әсері күшті еді. Әр түлек әртүрлі бағытта жүргенмен, бәрі де өмірден өздерінің орнын табуға тырысып-ақ жүр. Бүгін ұстазына келіп, бір марқайып қалды, ұстаз үшін бұл — үлкен жетістік. Ұстаз да түлектерімен өткен күндерге көз жүгіртіп, ұстаз бақытының осы екенін сезінді.

– Мен сендермен мақтанамын!, – деді. – Бірақ маңызды нәрсе мынада: мектептен алған білімді өмірде қолдана білу. Өмірдің әр кезеңі – жаңа сабақ, бірақ сабақты өз жүректеріңді тыңдағанда ғана меңгере бастайсыңдар – деді.

Біраз әңгіменің басын қайырған түлектерін ұстаз мектеп асханасына алып келді. Мектеп асханасы әдеттегідей кең әрі жарық, оқушыларға тамақ берілетін, жайлы әрі таза орын.

Қабырғалары жеңіл жарқын түстермен боялған, ал терезелерден табиғи жарық жақсы түсіп тұр. Қатар-қатар тізілген үстелдер мен орындықтар. Әр үстелде бірнеше оқушы отыр екен. Бәрі Сәния апайды көріп, өре түрегеліп амандасып, анасын көрген баладай құшақтай бастады.

Асхананың ас әзірлеу аймағы оқшаулау орналасқан, онда аспаздар оқушыларға арналған тағамдарды дайындайды. Асхана қызметкері Жанар апай түлектерді көре сала күлімдеп амандасып, «Мектептің шайын сағынған боларсыңдар» деп, самса мен шай ұсынды. Сәния апай түлектеріне құрмет танытып, қатарласа бірге отырды. Балалар бал балалығын еске алып, мәз-мейрам болып шай ішті.

Түлеп ұшқан шәкірттер неге білім ордасымен қимай қоштасады? Бірінші себебі, оқыған мектебі – бұл тек білім алу орны емес, адамгершілік, достық, бір-біріне қолдау көрсететін маңызды әлеуметтік құндылықтарды үйрететін ортаға айналуында. Мектептегі ұстаздар мен достар, ортақ естеліктер мен тәжірибелер адам өмірінде ұзақ уақытқа дейін сақталады. Сонымен қатар, мектеп бітірер шақта болашаққа деген үмітпен жаңа жоспарлар қалыптасады, бұл да өз кезегінде сол кезенді ерекше, қимас етіп көрсетеді.

Екінші себеп – мектеп бітірер шақ адамның өміріндегі жаңа өмірге бетбұрыс кезеңі. Оқушылар өмірінің осы кезеңі - көбінесе балалық пен ересектік арасындағы өткел. Мектепте оқушылар белгілі бір ритмде өмір сүреді, күнделікті сабақты, демалысты, басқа да мектепшілік шараларды бірге жоспарлайды. Осы тұрақтылықтың аяқталуы, күнделікті өмірдің өзгеруі де қимастық сезіміне әкеледі. Достармен бірге өткізілген уақыт, сабақтар, мерекелер, жаттығулар, сыныптастармен бірге болған түрлі оқиғалар - бәрі де сол кезенді ерекше етеді. Оқушылар бір ұжым болып, ортақ мақсаттарға бірге қол жеткізуге тырысады. Бұл ортақ жеңістер мен қиыншылықтар, бір-біріне көмек көрсету, бірге уақыт өткізу – бәрі де ұжымдық рухты қалыптастырады. Мектеп бітірумен бірге осынау рух пен жылы қарым-қатынастар қимастық сезімін туғызары хақ.

Міне, осының бәрін тебірене еске алып, балалығына алаңсыз саяхат жасаған түлектер ұстазымен қоштасып, мектеп ауласынан шығып барады. Әрқайсысы өз жолымен кетіп бара жатса да, ішінде жаңа сенім мен үміт оты пайда болғаны анық. Сәния апай олардың артынан қарап тұрып: «Шәкірттер мен ұстаз арасындағы байланыс ешқашан үзілмейді деген осы шығар, бәлкім?!» - деп, ұстаздық өміріне шүкірлік етті.

Касенова Жанар Есжановна

Учитель начальных классов, педагог-исследователь
ГКУ "Сарыозекская средняя школа с дошкольным мини-центром" государственного учреждения "Отдел образования по Кербулакскому району управления образования Жетысуской области"

**МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ ВО 2 КЛАССЕ**

***Аннотация:** в статье рассматривается проблема формирования математической грамотности у учащихся 2 класса как одного из важнейших направлений современного начального образования. Раскрывается содержание понятия математической грамотности, подчеркивается ее роль в развитии функциональной грамотности школьников. Представлены особенности формирования математических знаний и умений на втором году обучения, акцент сделан на практико-ориентированном подходе, развитии логического и критического мышления, работе с текстовыми задачами, внедрении игровых и цифровых технологий. Освещается значимость сотрудничества учителя и родителей, анализируются современные методические подходы, направленные на повышение мотивации и познавательной активности младших школьников. Отмечается, что системная работа в данном направлении способствует формированию у детей устойчивого интереса к математике и готовности применять полученные знания в повседневной жизни.*

***Ключевые слова:** математическая грамотность, функциональная грамотность, начальное образование, 2 класс, метапредметные навыки, текстовые задачи, критическое мышление, игровые технологии, цифровые ресурсы, интеграция предметов, мотивация к обучению.*

Математическая грамотность во 2 классе является важнейшей составляющей общего образовательного процесса и служит фундаментом для дальнейшего успешного обучения. Понимание математических понятий и умение применять их в повседневной жизни — ключевой показатель функциональной грамотности младших школьников. В условиях обновления содержания образования особое внимание уделяется тому, чтобы математика воспринималась детьми не только как набор формальных правил и операций, а как инструмент решения жизненных задач, средство развития мышления, логики и способности рассуждать. Во 2 классе формируются базовые знания о числе, величине, форме, арифметических действиях, пространственных отношениях, и именно этот период является наиболее благоприятным для развития познавательной активности, внимания и памяти.

Развитие математической грамотности в данном возрасте предполагает комплексную работу по нескольким направлениям: дети учатся выполнять устные и письменные вычисления, осваивают операции сложения, вычитания, умножения и деления, приобретают умение работать с величинами и измерительными приборами, решать текстовые задачи, рассуждать и делать выводы. Очень важно, чтобы обучение не сводилось только к механическому заучиванию правил, а способствовало пониманию сути выполняемых

действий. Например, при введении умножения целесообразно использовать наглядные примеры — предметные картинки, счетные палочки, группировки объектов, что позволяет ребенку осознать, что умножение есть повторяющееся сложение.

Учитель во 2 классе играет роль не только транслятора знаний, но и организатора учебной деятельности. Он создает образовательную среду, в которой ученик чувствует себя исследователем, способен самостоятельно находить пути решения задач, анализировать результат и исправлять ошибки. Для этого эффективно применять методы проблемного обучения, когда детям предлагаются нестандартные ситуации, требующие самостоятельного поиска решения. Использование игровых форм — математических викторин, ребусов, соревнований — значительно повышает интерес к предмету, снижает страх ошибок и формирует уверенность в своих силах.

Особое значение имеет работа с текстовыми задачами. Именно они развивают у детей умение выделять главное, устанавливать связи между данными, выбирать оптимальный способ решения. Важно учить школьников рассуждать вслух, объяснять свои действия, что развивает математическую речь и коммуникативные навыки. При проверке решения учитель поощряет не только правильный ответ, но и ход рассуждений, что способствует формированию логического мышления.

В современных условиях значительную роль играет использование цифровых образовательных ресурсов, интерактивных упражнений, онлайн-игр, что соответствует интересам детей и развивает их информационную компетентность. Однако важно соблюдать баланс между цифровыми и традиционными методами, так как в этом возрасте требуется развитие моторики, навыков письма и устного счета.

Формирование математической грамотности во 2 классе также тесно связано с воспитательной работой. Математика учит дисциплине мышления, последовательности действий, аккуратности при записи, внимательности и усидчивости. Все это положительно влияет на общее развитие личности младшего школьника, способствует формированию ответственности и самостоятельности.

Современные исследования в области педагогики подчеркивают важность формирования метапредметных навыков уже на этапе начального обучения. Во 2 классе дети должны учиться не только выполнять арифметические операции, но и применять их в различных контекстах: решать практические задачи, связанные с деньгами, временем, длиной и массой; участвовать в мини-проектах, где необходимо собирать, классифицировать и анализировать данные, строить простейшие диаграммы. Важным элементом становится развитие критического мышления — ученик должен уметь проверять правильность своих рассуждений, искать альтернативные способы решения задачи, объяснять, почему выбранный путь является верным.

Немаловажную роль играет сотрудничество с родителями: совместное выполнение математических заданий дома, обсуждение решений и пояснений помогает ребенку закрепить знания и почувствовать поддержку семьи.

Кроме того, стоит уделять внимание работе с ошибками: анализ неправильных решений является важным этапом обучения, так как помогает выявить пробелы в понимании материала и преодолеть их. Учитель должен формировать у детей положительное отношение к ошибкам, объясняя, что они являются естественной частью процесса обучения.

В современных условиях значительную роль играет использование цифровых образовательных ресурсов, интерактивных упражнений, онлайн-игр, что соответствует интересам детей и развивает их информационную компетентность. Однако важно соблюдать баланс между цифровыми и традиционными методами, так как в этом возрасте требуется развитие моторики, навыков письма и устного счета.

Математика во 2 классе может быть интегрирована с другими предметами — окружающим миром, технологией, изобразительным искусством, что позволяет показать межпредметные связи и практическую ценность получаемых знаний. Такая интеграция

помогает детям видеть математику не как отдельный абстрактный предмет, а как часть реального мира, применимую в разных ситуациях.

Результатом системной работы учителя становится не только овладение детьми необходимыми знаниями и навыками, но и развитие их способности применять математику для решения практических задач: определить время, рассчитать покупку, сравнить длину или массу предметов. Это и является показателем сформированной функциональной математической грамотности.

Таким образом, математическая грамотность во 2 классе — это не просто знание таблицы умножения или умение складывать и вычитать числа, а целый комплекс умений, включающих логическое мышление, умение рассуждать, анализировать, находить решение и объяснять его другим. Эффективное формирование этой грамотности возможно только при сочетании современных педагогических технологий, дифференцированного подхода к учащимся, использования игровых и исследовательских методов, а также системной мотивационной работы. Именно во 2 классе закладывается фундамент будущих учебных достижений, формируется интерес к математике, который может сохраняться на протяжении всей школьной жизни и стать базой для успешного овладения более сложными математическими дисциплинами в будущем.

Использованная литература:

1. Бантова М. А., Бельтюкова Г. В. Методика обучения математике в начальных классах. — М.: Просвещение, 2020. — 256 с.
2. Козлова С. А., Кузнецова М. И. Дидактика начальной школы. — СПб.: Питер, 2019. — 304 с.
3. Лернер И. Я. Дидактические основы методов обучения. — М.: Педагогика, 2018. — 208 с.

Косманова Анар Балгабекова

Бастауыш сынып мұғалімі

«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Маметова атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын-орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ МАТЕМАТИКА: ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Аннотация: мақалада күнделікті өмірдегі математиканың функционалдық сауаттылықты дамытудағы ролі қарастырылады. Оқушылардың математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін арттырады және сыни тұрғыдан шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Мақалада функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері, күнделікті өмірден

алынған математикалық есептердің маңызы, оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, мұғалімнің рөлі, оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды саралау тәсілдері мен ойын технологияларын қолдану тиімділігі талданған. Қазіргі қоғамдағы цифрлық ортаға бейімделу үшін оқушылардың практикалық есептерді шешу дағдыларын дамыту қажеттілігі ерекше аталып өткен.

Кілт сөздер: математика, функционалдық сауаттылық, күнделікті өмір, практикалық есеп, сыни ойлау, оқу мотивациясы, құзыреттілік, шығармашылық, цифрлық сауаттылық.

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек пәндік біліммен қаруландыру емес, сонымен қатар оны күнделікті өмірде сол білімді тиімді қолдана алуға үйрету. Функционалдық сауаттылық – бұл білімді өмірлік жағдайларда пайдалану қабілеті, ақпаратты талдап, дұрыс шешім қабылдау және қоғамда толыққанды өмір сүру дағдысы. Осы тұрғыда математика ерекше рөл атқарады, себебі ол логикалық ойлауды дамытады, проблемаларды шешудің нақты алгоритмін ұсынады және кез келген өмірлік жағдайда деректерді өңдеп, дұрыс қорытынды жасауға үйретеді.

Математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту – білім берудің заманауи бағыты. Күнделікті өмірдегі қарапайым тапсырмаларды шешуде математика заңдылықтарын қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Мысалы, сауда жасағанда тауардың бағасын есептеу, жеңілдіктерді анықтау, тұрмыстық шығындарды жоспарлау, уақытты тиімді бөлу, жол жүру кестесін түсіну – мұның бәрі математикалық дағдыларды қажет етеді. Егер мұғалім математика сабағында осындай өмірлік жағдаяттарды үлгі ретінде қолданса, оқушылар алған білімін практикалық тұрғыда бекітіп, нақты нәтижеге жетеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі тәсілдерінің бірі – құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар. Бұл тапсырмаларда дайын шешім емес, жағдайды талдап, логикалық қорытынды жасауға жетелейтін сұрақтар беріледі. Мысалы, «Отбасының бір айлық азық-түлік шығынын жоспарла» немесе «Сыныптағы оқушылардың туған күндеріне арналған кесте құрастыр» деген тапсырмалар оқушыларды тек есептеуге емес, деректерді жинауға, салыстыруға және тиімді шешім қабылдауға үйретеді.

Сонымен қатар, математикалық сауаттылықты дамыту үшін пәнаралық байланыс маңызды. Мысалы, география сабағында картамен жұмыс істеу кезінде масштабты есептеу, тарих сабағында хронология жасау, информатикада диаграммалар құру – бұлар математикалық білімді қолданудың нақты мысалдары. Мұндай интеграция оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейтеді және пәндер арасындағы байланысты сезінуге мүмкіндік береді.

Математика сабағында оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мұғалім заманауи педагогикалық технологияларды да пайдалана алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті тапсырмалар, онлайн-платформалар арқылы оқушының өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Мысалы, виртуалды дүкен құрып, оқушыларға сатып алу жоспарын жасауға, бағаларды салыстыруға және бюджетке сай шешім қабылдауға тапсырма беру тиімді нәтиже береді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту тек есеп шығару машығын қалыптастырумен шектелмейді, ол сондай-ақ сын тұрғысынан ойлау, топпен жұмыс істеу, пікір алмасу дағдыларын да қажет етеді. Сабақ барысында мұғалім диалогтік оқыту әдістерін, пікірталас ұйымдастыруды, топтық жобаларды қолданса, оқушылар бір-бірімен идея алмасып, өз шешімдерін дәлелдеуге үйренеді. Бұл олардың коммуникациялық құзыреттілігін дамытып, әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Жаңа зерттеулер көрсеткендей, өмірлік жағдайға негізделген есептерді шешу оқушылардың нейрокогнитивтік белсенділігін арттырады: оларда жұмыс жадын, зейінді, проблеманы шешу қабілетін дамытатын нейрондық байланыстар күшейеді. Осыған байланысты математика сабағында деректерді талдау элементтерін (диаграммалар, кестелер,

инфографика) көбірек қолдану ұсынылады. Тағы бір жаңа бағыт – қаржылық сауаттылық пен математикалық білімді кіріктіру. Мысалы, мұғалім оқушыларға отбасы бюджетінің үлгісін беріп, шығындар мен кірістерді есептеуге, артық шығынды қысқартуға, болашақ сатып алуларға қаражат жинаудың жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар оқушыға математика арқылы өмірлік жоспарлау дағдыларын үйретеді.

Қазіргі таңда STEM-білім беру (Science, Technology, Engineering, Mathematics) функционалдық сауаттылықты дамытудың заманауи тренді болып отыр. Мұнда математика тек формулалар жинағы ретінде емес, нақты инженерлік және техникалық міндеттерді шешудің құралы ретінде беріледі. Мысалы, қарапайым робототехника жобасында мотордың айналу жылдамдығын есептеу, детальдардың пропорциясын анықтау, қозғалыс траекториясын жоспарлау – барлығы нақты математикалық білімді қажет етеді. Сонымен қатар, математикалық сауаттылықтың эмоционалдық аспектісін де ескерген жөн. Педагог математикаға деген жағымды көзқарас қалыптастыру үшін оқушыларға қызықты, өмірмен байланысты, шығармашылық элементтері бар тапсырмалар ұсынуы керек. Мысалы, «Сен туристсің, үш күнге саяхатқа кетесің, жолға неше литр су алу керек?» немесе «Ас мәзірін жоспарлап, отбасына арналған апталық азық-түлік тізімін құр» деген тапсырмалар оқушыларды ойлануға, логикалық шешім қабылдауға ынталандырады.

Жаңа педагогикалық тәсілдердің бірі – **жағдаяттық оқыту (case-study)**. Сабақта нақты өмірлік жағдай ұсынылады, оқушылар оны топпен талқылайды, бірнеше шешім нұсқасын іздейді, ең тиімдісін таңдайды. Мысалы, «Мектеп асханасы бір күнде 120 самса сатып алды. Әр самсаның бағасы 250 теңге. Бір күннің табысын есептеп, үш күнге болжам жаса» немесе «Сыныппен саяхатқа шығу үшін автобус жалдау қажет. Бағасы – 18 000 теңге. Сыныпта 12 оқушы бар. Әрқайсысы қанша төлеуі тиіс?» деген тапсырмалар оқушыларды тек арифметикалық амалдар орындауға ғана емес, жауапкершілікті сезінуге, нәтижені талдауға үйретеді.

Соңғы жылдары халықаралық зерттеулерде (PISA, TIMSS) математикалық сауаттылықтың негізгі көрсеткіші ретінде оқушының **деректермен жұмыс істеу дағдысы** қарастырылады. Бұл диаграммадағы ақпаратты оқу, пайыздарды түсіну, статистиканы талдау және болжам жасау қабілеті. Мұғалімдер осы бағытты дамыту үшін сабақта қарапайым социологиялық сауалнама өткізіп, нәтижелерін диаграмма түрінде құрастырып, содан қорытынды жасатса, оқушылар математиканың практикалық маңызын түсінеді.

Тағы бір жаңа бағыт – **экологиялық математика** ұғымын енгізу. Бұл табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу тақырыптарымен байланысты есептерді шығару. Мысалы, «Отбасындағы суды үнемдеу үшін әркім күніне 5 литр аз пайдаланса, бір айда қанша су үнемделеді?» немесе «Қоқысты сұрыптау арқылы бір жылда қанша қағазды қайта өңдеуге болады?» деген есептер экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті арттырады.

Қорытындылай келе, күнделікті өмірдегі математика – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды құралы. Мұғалімнің басты міндеті – оқушыны математикалық білімді өмірде қолдануға бағыттау, есеп шығару машығын практикалық дағдыларға айналдыру, дербес ойлауға, шешім қабылдауға, жауапкершілікке баулу. Мұндай тәсіл арқылы мектеп түлегі болашақта қоғамда белсенді, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алимжанов Т., Математиканы оқытудың заманауи әдістері. – Алматы: «Білім», 2022.
2. Ермекбаева Р., Функционалдық сауаттылық негіздері: теория және тәжірибе. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2021.
3. OECD. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. – Paris: OECD Publishing, 2022.
4. Қожахметова Л., Мектептегі математика сабағында құзыреттілікке негізделген тәсіл. – «Білім беру» журналы, №3, 2023.

Накипбаева Толкын

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
 "Т.Есімжанов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі" КММ
 Абай облысы, Аягөз ауданы, Малкелді ауылы



**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
 САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

***Аңдатпа.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңыздылығы қарастырылған. Автор функционалдық сауаттылықтың тек білім игеру емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Мақалада функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары (оқу, математикалық, жаратылыстану, компьютерлік, денсаулық, еңбек сауаттылығы) талданып, пәндік мазмұн арқылы оны дамыту жолдары ұсынылған. Мұғалімнің рөлі мен заманауи педагогикалық әдістердің маңыздылығы, оқушылардың белсенді және жауапты білім алушы ретінде қалыптасу шарттары кеңінен сипатталады.*

***Түйінді сөздер:** функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, бастауыш білім, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, еңбек тәрбиесі, оқыту технологиялары, пәндік кіріктіру, оқушы белсенділігі, мұғалімнің рөлі.*

Функционалдық сауаттылық – балалардың мектептегі оқу кезеңінде қол жеткізген білім деңгейін, сабақта алған білімдері мен дағдыларын өмірде қолдана алуы, оның әртүрлі салаларындағы өмірлік мәселелерді шешуге ықпал ететін, адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, оған тез бейімделу және өмір сүру қабілеті.

Қазіргі таңда ақпараттық технология қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні бізге шексіз ақпарат ағыны күн сайын және сағат сайын түсіп жатыр, бүгінде ғаламдық желіні пайдаланбайтын балалар мен жасөспірімдерді, ересектерді елестету қиын. Желіде тауар сатып алуға, жұмыс істеуге, білім алуға, вебинарларға және бейнеконференцияларға қатысуға, тіпті мемлекеттік органдарға хабарласып, медициналық көмекке жүгінуге болады.

Сондықтан кез келген ақпаратты түсіну, талдау және пайдалана білу өте маңызды. Осылайша, білім берудегі екпін ақпаратты жинау мен есте сақтаудан оны дұрыс қолдану дағдысын меңгеруге ауысады. Бұл дағды бүгінгі күні білім алушыларға қоғамда өздерін сенімді сезінулері үшін өте қажет. Заманауи мұғалім бүгінде 1-сыныптан бастап, мектеп бітіруге дейін бала бойына осы қасиеттерді тәрбиелеуі керек. Мұғалім – оқушылардың өз бетінше белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы, сауатты кеңесші және көмекші. Оның кәсіби шеберлігі мектеп оқушыларының білімі мен дағдыларын бақылауға ғана емес, сонымен қатар білікті іс-әрекеттермен дер кезінде көмек көрсету, білімді тану мен қолдануда туындайтын қиындықтарды жою үшін олардың іс-әрекетін диагностикалауға бағытталған.

Бұл рөл дәстүрлі оқытуға қарағанда әлдеқайда қиын және мұғалімнен жоғары шеберлікті талап етеді.

Мұғалімнің мақсаты:

- баланы дамыту;
- ойлауды дамыту - көрнекі-тиімділіктен оны абстрактілі-логикалыққа аудару;
- сөйлеу, аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін дамыту, есте сақтау мен зейінді, қиял мен қиялды, кеңістікті қабылдауды дамыту;
- қимыл-қозғалыс қызметін, өз қимылдарын басқару қабілетін, сонымен қатар ұсақ моториканы дамыту;
- коммуникативті дағдыларды, қарым-қатынас жасау, эмоцияларды басқару, олардың мінез-құлқын басқару қабілетін дамыту.

Осы міндеттерді шеше отырып, мұғалім нәтижесінде функционалды дамыған тұлға алады. Жұмыстың заманауи әдістері мен формалары мұғалімдерге кәсіби мәселелерді шешуде практикалық көмек көрсетеді, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған мектептің ақпараттық-білім беру ортасын дамытуға ықпал етеді.

Оқушының функционалдық сауаттылығы мыналардан тұрады:

- оқу және жазу сауаттылығы;
- жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық;
- математикалық сауаттылық;
- компьютерлік сауаттылық;
- қоршаған дүниені қабылдаудағы сауаттылық;
- денсаулық сауаттылығы.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдану қажет, мысалы:

- жаңа білімді мәселелік-диалогтік дамыту;
- дұрыс оқу әрекетінің түрін қалыптастыру;
- жобалық іс-шаралар;
- «оқу жағдаяттары» негізінде оқыту;
- оқытудың деңгейлік дифференциациясы;
- ақпарат және байланыс;
- оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және т.б.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы – оқу сауаттылығы – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті.

«Әдебиеттік оқу» оқу пәні білім алушыларға сауатты, мәнерлеп оқу, балалар әдебиеті шығармаларымен танысу және мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар кітапханадан керекті кітапты таба білу, берілген тақырып бойынша жұмыс таңдау, досының жұмысын бағалай білу, тыңдау және есту қабілеті, оқығанына, естігеніне өз көзқарасын білдіруге негізделеді.

«Қазақ тілі» пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын меңгеруіне бағытталған, осымен қатар оқушылар өз жұмыс орнын ұйымдастыру дағдысын, оқулықпен, сөздікпен жұмыс істеу дағдысын, уақытты басқару, сыныптасының жұмысын тексеру, қатені табу, жұмыс сапасын ауызша бағалау дағдыларын меңгереді.

Орфографиялық сауаттылық – жалпы тіл мәдениетінің құрамдас бөлігі, ойды жеткізу мен өзара түсіністіктің нақтылығының кепілі, оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамытудың негізі. Мектеп оқушыларының бойында сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру – мұғалімнің шешуі қажет ең күрделі жұмыстардың бірі. Бірақ дәл осы міндет функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастырудағы ең маңызды бағдарлама ретінде белгіленген.

Білім алушылар үшін жаратылыстану сауаттылығының да маңызы зор:

- адамның жаратылыстану білімін меңгеру және қолдану;

- сўрақтарды тану және қою, жаңа білімді меңгеру;
- жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және ғылыми дәлелдемелерге байланысты тұжырымдар жасау;
- жаратылыстану ғылымының адам танымының бір түрі ретіндегі негізгі ерекшеліктерін түсіну;
- жаратылыстану ғылымдары мен техниканың қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігі туралы хабардарлығын көрсету;
- жаратылыстану пәніне қатысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсету.

«Дүниетану» және «Жаратылыстану» академиялық пәндері кіріктірілген және жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық бағыт модульдерінен тұрады, сонымен қатар өмір қауіпсіздігі негіздерін оқуды көздейді. Біз баланың денсаулықты адам өмірінің ең маңызды құндылығы ретінде тануды, өзінің физикалық денсаулығына қамқорлық жасау және өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтау қабілетін бекітеміз. Оқушылар берілген тақырып бойынша өз материалдарын дайындауға мүмкіндік алады, сонымен қатар өздерінің сұрақтары мен тапсырмаларын үлкен ықыласпен орындайды.

Математикалық сауаттылық – адамның өзі өмір сүріп жатқан қоршаған ортадағы математиканың рөлін анықтау және түсіну, дәлелді математикалық пайымдаулар жасау және математиканы шығармашылықтың қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп қолдану қабілеті.

«Математика» пәні математикалық санау дағдыларын қалыптастыруды, геометрия негіздерімен таныстыруды, объектілердің жазықтықта орналасуын тану дағдысын, уақыт бойынша бағдарлаудың практикалық қабілетін, сюжеті өмірлік жағдаяттармен байланысты мәселелерді шеше білу дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Оқушылардың логикалық сауаттылығын қалыптастыру бүгінгі таңда ерекше маңызға ие және оны қалыптастырудың негізгі құралы математика сабақтары болып табылады. Математика сабағының негізгі міндеті – баланың интеллектуалдық дамуы, оның маңызды құрамдас бөлігі – сөздік-логикалық ойлау. Математика сабақтарында логикалық ойлау формаларын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар мен тапсырмаларды жүйелі қолдану бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытады, айналадағы шындықтың қарапайым заңдылықтарын сенімдірек шарлауға және күнделікті өмірде математикалық білімді белсендірек пайдалануға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда еңбек сауаттылығының маңызы зор.

«Көркем еңбек» пәні оқушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеруін, әртүрлі материалдарды өңдеудің қолмен жұмыс жасау технологияларын меңгеруді, адамның өзін тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін тану, өз қадір-қасиетін сезіну үшін қажетті тұлғаның даралық және шығармашылық ерекшеліктерін дамытуды қамтиды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін келесі шарттар орындалуы қажет:

- оқыту белсенді болуы керек;
- білім алушылар жаңа материалды меңгеру процесінің белсенді қатысушылары болуы керек;
- білім беру процесі оқушының дербестігін және өз іс-әрекетінің нәтижесіне жауапкершілігін дамытуға бағытталуы тиіс;
- сабақ іс-әрекетінде топтық жұмыстың өнімді түрлері қолданылуы қажет;
- мектептер күрделі жаһандық мәселелер бойынша оқушылардың зерттеулерін белсенді түрде қолдайды.

Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мұғалімнің сабақтағы күнделікті жұмысы, жас деңгейіне қарай таңдаған білім беру технологиялары, оқушының жанұясымен қарым-қатынасы, балаларды сабақтағы өнімді іс-әрекетке баулу және оның

мүмкіншіліктері, алған білімдері мен дағдыларын қоршаған шындықта қолдану қабілеттері көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбенбаева З. «Функционалдық сауаттылық – заманауи білім беру бағыты» // Бастауыш мектеп. – №5, 2023.
2. Айтбаева А. «Бастауыш білімдегі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдары» // Педагогикалық кеңес, №2, 2024.
3. Қалижанова С. «Оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістері». – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
4. Слостенін В.А., Подымова Л.С. «Современный урок: принципы и структура». – Москва: Академия, 2020.
5. Ахметова М., Жұмабаева Г. «Бастауыш сыныпта жобалық оқыту технологиясы» // Оқу үдерісі, №1, 2024.

Таукенов Куралай Бестаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Абай облысы білім басқармасының Аягөз ауданы білім бөлімінің
"Т.Есімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған оқытудың белсенді формалары мен әдістері қарастырылады. Белсенді әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін, тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мақалада нақты әдістер мен тәсілдердің мысалдары келтіріліп, олардың тиімділігі мен қолдану ерекшеліктері талданған.

Кілт сөздер: белсенді әдістер, қазақ тілі, оқытудың тиімділігі, рөлдік ойын, ынтымақтастық, АКТ, әдіс-тәсілдер, оқушы белсенділігі, интерактивті оқыту.

Кіріспе

Қазақстанда мемлекеттік тілді оқыту – білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Қазақ тілін сапалы меңгерту үшін білім алушының ойлау белсенділігі мен қызығушылығын арттыратын, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыратын, коммуникативтік дағдыларды дамытатын белсенді оқыту әдістерін қолдану аса маңызды. Бұл әдістер оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды өз бетінше білім алуға бағыттайды.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру процесінің өзекті мәселесі өскелең ұрпақты мемлекеттік тілге сапалы оқыту болып қала береді. Сондықтан балалардың білімді

терең игеруін қамтамасыз ететін, сондай-ақ білімді игеру процесінде оқушылардың ақыл-ой және практикалық қызметін белсендіретін, серіктестік қатынастарды дамытатын, берілетін ақпарат көлемін ұлғайту арқылы емес, оны өңдеудің тереңдігі мен жылдамдығы есебінен оқытудың тиімділігін арттыратын оқыту формалары мен әдістерін іздеу өте маңызды. Мұның бәрі тәрбиеленушілердің ең аз күш-жігерімен оқыту мен тәрбиелеудің тұрақты жоғары нәтижелерін қамтамасыз етеді.

Оқытудың белсенді әдістері оқушының оқуға деген ынтасын және жақсы жақтарын дамытуға, оқушыларды өз бетінше білім алуға үйретуге, пәнге деген қызығушылықты дамытуға, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, оқу-ақпараттық және оқу-ұйымдастыру дағдыларын дамыту процесін жандандыруға көмектеседі. Осылайша, оқытудың белсенді әдістерін қолдану оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдістері - бұл оқушыларды оқу материалын игеру процесінде белсенді ойлау және практикалық іс-әрекетке итермелейтін әдістер. Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ақыл-ой әрекеттерін ынталандыру жатыр, онсыз білімді игеруде алға жылжу болмайды. Сабақтың әр кезеңі үшін мен кезеңнің нақты мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін белсенді әдістерімді қолданамын. Әр сабақты балаларда қолайлы көңіл-күй қалыптастырудан бастауға тырысамын. Сабаққа дайындық кезінде мен әр түрлі оқу іс-әрекеттерінің ұзақтығына, жиілігіне назар аударамын. Мен оқытудың келесі әдістерін қолданамын: ауызша, көрнекі, электронды-визуалды, өзіндік жұмыс және басқалар. Сабақта мен динамикалық үзілістер жасаймын: сабақтағы кернеуді жеңілдету, жаңа қызмет түріне ауысу үшін көзге, қолға және тірек-қимыл аппаратына арналған жаттығулар. Мұғалім үшін сабаққа мақсаттарды, үміттерді, алаңдаушылықтарды анықтаудың белсенді әдістерін енгізу өте маңызды.

Б.З. Зельдович белсенді оқытудың келесі айрықша ерекшеліктерін анықтайды:

- оқушының ойлауын белсендіру (мәжбүрлі белсенділік), яғни оқушы оның қалауына қарамастан белсенді болуы керек;
- оқушылардың оқу процесіне үнемі қатысуын қамтамасыз ету, өйткені олардың белсенділігі жеткілікті тұрақты және ұзақ болуы керек;
- шешімдерді өз бетінше әзірлеу, мотивация дәрежесінің жоғарылауы және оқушылардың эмоционалдылығы.

Белсенді оқу оқушылардың бойына белсенді оқуға ынталандыру, жеке, топтық, тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқу үшін бағалау, сияқты қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікір сызығы», «Эмоциялар графигі», «Маңыздылық аймағы» сынды белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. «Қабырғадағы роль» әдісінің негізгі мақсаты-оқушылар өз ойларын жүйелеп айтады. Топпен жұмыс жасау барысында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасып, көру арқылы танымдық деңгейі артады, ойлау, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл әдісте айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары қатар жүреді.

Қазақ тілі сабағындағы рөлдік ойындар әдісі. Қазақ тілі сабағындағы рөлдік ойындар әдісі – тілді үйрену процесіндегі ең белсенді әдістемелік тәсілдердің бірі. Оны тиімді қолдана білген оқытушы студенттерге білім мен тәрбие беруде табысқа жетіп, сол арқылы олардың ойын өз бетінше жеткізу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға, монолог түріндегі ойын дамытуға, сұхбаттық қарым-қатынас негізіндегі сөйлеу тілін байытуға ықпал етеді.

Рөлдік ойын сөйлеу тілін дамытудың тиімді де қызықты тәсілі екені белгілі. Оған мысал ретінде мына факторларды келтіруге болады: рөлдік ойындарда сөзге араласушы жандардың басты назары әңгіменің мазмұнына ауады, рөлдік ойындар тілді әлеуметтік тұрғыдан қолдануда барынша сезімтал болуға үйретеді, студенттердің қызығушылығын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді, әдеттегі жағдайға қалыптасуы қиын қабілеттерді бойға сіңіруге кең жол ашады, ойындық рөлдерді жүргізу кезінде студенттердің бойында тілді үйретуге байланысты шығармашылық қабілеті дамиды, ойында студенттердің барлығы

жұмысқа белсене кіріседі, ойындар тілді үйренушілердің бір-бірімен және оқытушылармен қарым-қатынасқа түсу ынтасын арттырады, әңгімелесушілердің сөзге бейімділік қабілетін танытудағы теңдік жағдайын жасайды, жағымды да әсерлі қарым-қатынас тудырады.

Қазіргі сабақта мақсат қою және сабақтың тақырыбын анықтау-ең негізгі кезеңдердің бірі, сондықтан оны қызықты ету өте маңызды. Сабақтың тақырыбы оқушылар өздері логикалық ойлау қабілеттерін көрсету арқылы анықталса, тақырыпқа қызығушылық деңгейі артады. Қазақ тілі сабағының бұл кезеңінде ортаға «Қара жәшік» қойылады. «Қара жәшік» ішіндегі сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар сабақтың тақырыбын табады. Кез келген сабаққа бұл әдісті қолдануға болады. Сабақтың негізгі кезеңінде әр түрлі белсенді оқыту әдістері қолданылады. Қазақ тілі сабақтарында "Ассоциациялар" әдісі көбінесе қолданылады, ол бейнелі ойлауды, жадты пайдалануға мүмкіндік береді. Бірінші оқушы мұғалімнен карта алады және осы сөзбен байланысты қауымдастықтарды атайды. Карточка мұғалімге оралғанша тізбек арқылы беріледі. «ДЖИГСО» әдісінің елшілік стратегиясы бойынша топтық жұмыс арқылы бір-біріне топ арасында түсіндіре отырып, тапсырмаларды орындау. Оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеруі іске асады, бағыт бағдарды мұғалім береді, құндылықтарды анықтау және атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру, өз кәсіби міндеттерін анықтау жүзеге асады. Негізгі идея ақпарат беріледі дегенге саяды, білім мен түсінікті оқушы өзі қалыптастырады. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. ДЖИГСО әдісіндегі жаңа тақырыпты оқушылардың меңгеруі көшбасшының оқушылардың оқуына жағдай жасауына, шеберлігіне байланысты. Білімге бағдарланған оқу ортасында мұғалімдер үстірт оқуға емес, терең білім алуға ынталандыруы қажет.

Жаңа мәліметтерді бекіту мақсатында «АВС» әдісін қолдануға болады. «АВС» әдіс-деңгейлік тапсырмаларды құрау арқылы оқушылардың білім деңгейіне байланысты жасалады. Оқушылардың теориялық білімдерін жүйелеу, алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға жаттықтыру, талдау, дәлелдеу қабілеттерін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеу нормаларын меңгертуге жаттықтыру, сөздік қорын байыту, дұрыс оқу дағдыландыру мақсатын көздейді. Оқушылардың қазақ тілі бойынша теориялық білімдерін тереңдете түсуге, тілдік объектілерінің қыр - сырын біліп, өзіндік ерекшеліктерін тани алуға, әр алуан тапсырмалар арқылы білім деңгейін молайтуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылған оқытудың белсенді формалары мен әдістері оқушылардың оқуға деген көзқарасын өзгертті, олар жаңа білім мен дағдыларды саналы және тәуелсіз игеруге ұмтылды деген қорытынды жасауға болады. Нәтиженің болуы жігерлендіреді және аталған жұмыс түрлерін қолдана отырып әрі қарай жұмыс істеуге және оқушылардың сауаттылығының жеткіліксіздігі мәселесін шешудің жаңа жолдарын табуға мәжбүр етеді.

Қорытынды. Қазақ тілі сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін қолдану – оқу процесінің тиімділігін арттырып, білім сапасын көтерудің негізгі жолы. Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырады, өз бетімен жұмыс істеуге ынталандырады, тілдік қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады, оқу процесіне белсенді араласуға жетелейді. Белсенді оқыту оқушылардың оқуға деген көзқарасын өзгертеді, оларды жеке тұлға ретінде дамытады. Мұғалімдер осы бағытта ізденуді жалғастырып, жаңа әдістерді меңгеріп, тәжірибесіне енгізуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Психология /Л. С. Выготский. –М.: ЭКСМО-Пресс, 2000. — 1008с.
2. Зарукина Е. В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб.-метод. пособие / Е. В. Зарукина, Н. А. Логинова, М. М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2010. — 59 с.
3. Зельдович Б. З. Активные методы обучения: учебное пособие для вузов / Б. З. Зельдович, Н. М. Сперанская. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2019. — 201 с.

Канашева Айжан Капашевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор
 "Бұзылық ауылының негізгі орта мектебі" КММ
 Ақмола облысы, Есіл ауданы



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ қоғамында бала тәрбиесінің маңызы мен оның басты тірегі — отбасы мен мектеп арасындағы байланыс жөнінде баяндалады. Халықтық педагогиканың бала тәрбиесіндегі рөлі, оның қазақ тілі сабақтарындағы тиімділігі мен қолдану әдістері кеңінен қарастырылған. Автор халқымыздың мақал-мәтелдері, жұмбақтары, ертегілері, ән-күйлері, ұлттық ойындары арқылы балалардың тілін дамыту, сөйлеу қабілетін жетілдіру, ұлттық құндылықтарға баулу жолдарын нақты мысалдармен көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық тәрбиенің озық дәстүрлерін сабақ барысында тиімді қолданудың жолдары ұсынылады.*

***Түйінді сөздер:** қазақ тілі, бала тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, халық педагогикасы, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегі, ұлттық құндылықтар, рухани тәрбие, сабақта қолдану әдістері*

Әр баланың жеке тұлғасын қалыптастыру, өз елінің лайықты азаматын тәрбиелеу – қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Белсенді өмірлік ұстанымы бар, өз ісі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай алатын, түрлі өмірлік жағдайларда шешім қабылдауды білетін, белсенді, салауатты өмір салтын ұстанатын адам – қоғам талабына сай заманауи тұлғаның портреті.

Ондаған, жүздеген мамандықтар, кәсіптер, жұмыс орындары кездеседі: бірі темір жол салады, бірі тұрғын үй салады, үшіншісі нан пісірумен айналысса, төртіншісі халықты емдейді, бесіншісі киім тігеді. Бірақ ең әмбебап - ең күрделі және ең игілікті іс бар, барлығына бірдей және сонымен бірге әр отбасында ерекше және бірегей - бұл бала тәрбиесі.

Бұл жұмыстың айрықша ерекшелігі – адам одан теңдесі жоқ бақыт табады. Адамзат баласын жалғастыра отырып, , адам үшін, оның болашағы үшін моральдық жауапкершілік осы қайталаудың қаншалықты саналы болуына байланысты әке мен ана өз перзентінде қайталаанады. Тәрбие дейтін істің әрбір сәті – болашақты құру, болашаққа көзқарас. Жасыратыны жоқ, бала тәрбиесі ең қиын ғылым. Әсіресе, өз балаңызды тәрбиелеуге келгенде күрделілігі жоғары.

Ата-ана – алғашқы ұстаздар, баланың жеке басының физикалық және интеллектуалдық дамуының негізін қалаушы да солар. Өз мәдениетіне, ана тіліне деген сүйіспеншілік пен құрмет, ұлттық тамырға немқұрайлы қарау отбасында қалыптасады. Отбасы алғашында адам бойына жанашырлық пен мейірімділік, жауапкершілік пен әдептілік сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейді.

Заманауи отбасын халықтық педагогиканың озық дәстүрлеріне шешуші бетбұрыс жасау арқылы ғана «емдеуге», қалпына келтіруге болады.

Халықтық педагогиканың жас ұрпақты тәрбиелеуде көптеген құралдары, әдістері мен тәсілдері белгілі. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің барлық жанрлары оқу-ағарту ісінде кеңінен пайдаланылды. «Әке – балаға сыншы» дейді халық даналығы.

Ағартушы-демократ, ғалым, ойшыл, қоғам қайраткері Ы. Алтынсарин мектептегі тәрбиенің адамгершілік негіздерін дамытты. Ол халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін, ұлтжандылығын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытатын ауызекі шығармаларды адамгершілік тәрбиесінің аса маңызды көзі деп біледі. Бұған дәлел Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы», ертегілер, дастандар, мақал-мәтелдер, адамгершілік-этикалық тәрбиелік мәні бар өнегелі мақалалар.

А.Құнанбаевтың этикалық көзқарастары оның демократиялық сенімінің көрінісі болып табылады. Бұқара халық арасында гуманизм идеяларын насихаттай отырып, Абай өзін жақсы көретін, құрметтейтін әрбір адам өзгені де сүйіп, құрметтеуге, оны бір адамдай көруі керек екенін атап көрсетті. Абай қарасөздерінде адамгершіліктің бірқатар категорияларын талдап, түсіндіреді.

А.Құнанбаев бұл ұғымдарды адамның бұлжымас, жағымды қасиеттерінің көрінісі деп есептей отырып, жерлестерін адалдыққа, шыншылдыққа үндеп отырады. Ар-намысты, ар-ожданды бағаламау, Абай айтқандай, адам болудан қалу деген сөз. «Ар» және «намыс» категорияларын Абай «ұят» категориясымен барынша жақын және органикалық байланыста қарастырған.

Хәкім Абай осы Ұят мәселесіне «Отыз алтыншы сөзінде» терең талдау жасаған. Ол ұяттың тікелей иманмен байланыстылығын паш етіп: «Пайғамбарымыз салалаһу халайһи уәселәмнің хадис шарифінде айтыпты: «Мән лә хаяһун уә лә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ, деген» деп сөзді хадистен бастайды. Яғни, ұят тікелей иманмен қатысты нәрсе екен. Абай сөзін әрі қарай жалғастырып: «Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят, өзі иманның бір мүшесі екен» дейді. Абай атамиздың осы хадисі Әбу Дауд пен Нәсәидің хадистерінде айтылған. Яғни «Иман жетпістен астам мүшеден тұрады. Ұят та иманның бір мүшесі» дейді.

Балаларды ата-ананы сүйуге, құрметтеуге, ата-бабаны қастерлеуге тәрбиелеу – қазақ халық педагогикасының жетекші идеяларының бірі. Тағы бір ой – адамгершілік қасиеттерді (еңбексүйгіштік, төзімділік, талапшылдық, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, адалдық, т.б.) бойына сіңіре отырып, жастайынан тәрбиелеу.

Халық педагогикасы, ең алдымен, жаңа адамның өмірге келген, алғашқы қадамын басатын, дүниеге қадам басқан жері отбасы, әлеуметтік-мәдени орта педагогикасы. Отбасы – жаңа тұлғаның іргетасы қаланатын орта ғана емес, сонымен бірге ол адамның адамгершілік әлемінің үстемдік етушісі. Отбасы мүшелерінің арасында рухани қарым-қатынас дамып, ата-ананың даусыз беделі болса, ондағы балалар ата-анасының рухани мұрагері болып өссе, отбасы өз міндетін орындайды. Баланың дамуында әрқашан ұстаздың тәлімгеріне үлкен рөл берілген. Әл-Фараби тәлімгердің адам өміріндегі маңызын мемлекет қайраткерінің қызметімен салыстырды.

Отбасы мен мектеп – баланың тәрбиесі мен дамуына жауапты екі негізгі әлеуметтік институт. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі осынау маңызды мәселеде олардың әрқайсысының өзіндік орны, өзіндік миссиясы бар.

Бірақ олардың да ортақ міндеті – бала бойындағы ең жақсы адами қасиеттер мен қабілеттерді ашуға, дамытуға үлес қосу. Сондықтан мектепте халықтық педагогиканың әдіс-тәсілдерін қолданудың маңызы зор.

Қазақтар үшін отбасы қашанда басты орынға ие болған. Қазақ халқы үшін туыстық қатынас олардың отбасылық өміріндегі ерекше құрамдас бөлігі болып табылады. Бірде-бір нағыз қазақ өз өмірін туған-туыстарсыз елестете алмайды. Тұтастай алғанда, туыстық байланыстарға үлкен мән беретін басқа адамдарды табу қиын. Отбасылық дәстүрлер қазақ

халқының ғасырлар бойы аман қалуына және біртұтас ұлттық бірлік ретінде сақталуына мүмкіндік берді. Қазақ халқы болашақ жолында, өскелең ұрпақтың аман болуы жолында туысқандардың ұрпақ алдындағы өзара жауапкершілігінің ерекше жүйесін дана етіп жасаған.

Қазақ тілі сабақтарында халық педагогикасы элементтерін қолдану өте кең таралған. Бұл мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілер, қазақтың халық ойындары мен ұлттық әндері.

Тіпті өте кішкентай балаларға да ертегілер оқып, олармен санамақ айтуды және жаңылтпаштар айтып тілдерін жаттықтыруға үйретеді. Бұл сөздік қорын дамытып, баланың сөйлеуін байытады. Әкенің ауызекі халық өнері арқылы ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан этнопсихологиялық өзіндік ерекшелігін, этикалық көзқарастарын сипаттайтын адамдық даналықтар ұрпақ бойына дарыған.

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар - қазақ халық поэзиясының көне жанрларының бірі. Тілдің көркемдігі мен ұқыптылығын, мақал-мәтелдерді, оларды ауызекі сөйлеу тіліне тапқырлықпен енгізе білуді қазақ халқы жоғары бағалайды. «Иек көркі – сақал, сөз көркі – мақал» деп қазақ бекер айтпаған.

Кез келген халықтың мақал-мәтелдері моральдық кодекс болып табылады. Олар халықтық адамгершілік нормаларын жалпылайды, адам бойындағы ең алдымен нені бағалайтыны туралы айтады. «Еңбек етсең, емерсің» дегендей, өмір сүруге, бақытты болуға еңбек еткеннің хақысы бар.

Мақал-мәтелдер балалардың бойында Отанына, халқына деген сүйіспеншілікке, кең пейілділік пен жомарттыққа, қарапайымдылық пен ұстамдылыққа, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, шыншылдыққа, қарапайымдылыққа, өзіне деген қаталдыққа тәрбиелеуге көмектеседі. Әр халықтың мақал-мәтелдері өмірдің адам алдына қойған сұрақтарының барлығына дерлік жауап береді. Мақал-мәтелдерінде оның есебінен пайда тапқан билер мен сұлтандарды айыптайды, хандардың озбырлығын, молдалардың сараңдығын әшкерелейді. Әрбір мақал сөзге айтылады, іске қолданылады.

Қазақ халқы ежелден қонақжайлығымен танымал. Ең дәмді қазақтар әрқашан қонақтарға арналған. «Сыйлап берсе – суын іш» мақалы да орынды айтылған. Сондықтан мұғалім сабақтың әрбір тақырыбына мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді балалардың түсінігіне жететіндей, осы тақырыпқа сай, тәрбиелік мәні зор болатындай етіп таңдап алады.

Жұмбақтарды адам ерте заманда құрастырып, қолдана бастаған. Ол бақылауды дамытты, әлемді қабылдауға үйретті, ойлауды жақсартуға көмектесті. Үй-жайын, жанұясын, малын, құрал-сайманын, т.б «жын-шайтаннан» сақтау үшін жасырын тілдің бір әдісі ретінде өз ойын, ниетін жасыру үшін қолданылған. Кейіннен оның көмегімен олар адамның даналығын, тапқырлығын, білімділігін сынады. Ол үшін жұмбақтар әртүрлі рәсімдерге қосылды: жас жігіттерді жауынгерлікке шақыру, үйлену тойлары. Жұмбақтар айтыс сияқты жарыстық рухты тудырған мерекелерде де жиі естілді.

Қазақ тілі сабағында жұмбақ арқылы оқушылардың білімін, байқағыштығын, ұшқыр ой-өрісін тексеруге болады. Ол балаларды оқытудың дидактикалық құралына айналады. Мысалы: «Сұға батпайды, отқа жанбайды».

Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтармен қатар санамақтық шумақтарды да қолдануға болады. Санамақ шумақтары ойнақылығымен балаларды баурап алады, халық поэтикасымен үндес, жұмбақтарға ұқсайды. Мысалға:

Бір деген – бөрік
Кисем бойға – көрік,
Екі дегенім етік
Киер сәнді етіп...

Дәл қазақ тілі сабағында балалардың қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, мерекелеріне, қазақтың халық әндері айтылатын салт-дәстүрлеріне деген қызығушылығын ояту қажет. Дұрыс таңдалған ән дене дертінен айығуға көмектеседі деген сенім бар. Басқа рәсімдер отбасылық өмірмен бірге болды: келін түсіру деп аталатын

қалыңдықты қарсы алу рәсімі. Оның негізгі элементі дәстүрлі нұсқау мен тілек әні – «Беташарды» орындау. Үйлену тойындағы әндер отбасына деген халықтық көзқарасты көрсетеді және оларда қалыңдық идеалды қыз және әйел ретінде бейнеленген.

Әндер қазақты туғаннан өлгенше сүйемелдеді. Олар халықтың жан дүниесін бейнеледі. «Бесікке салу» салтымен танысып, оқушылар «Әлди-Әлди» бесік жырын үйренеді. Табиғаттың қойнауында бола отырып, балалар оның сұлулығына ертеден мән беріп, сұлулыққа қосылды. Ән жан сұлулығын ашады, адамның рухани өмірі содан басталады. Бесік жырын тыңдай отырып, бала дыбыстардың әдемілігі арқылы музыканы қабылдауға үйренеді. Қазақтың халық әндерінің ерекше бір түрі – термелері бар, оларда өмірлік бақылауларға сүйене отырып, белгілі бір өнегелік нұсқаулар берілген. Әрбір терме жолы терең мағынаға ие болды, есте сақтауға оңай болды және белгілі бір психологиялық жағдайдың түрі ретінде қызмет етті.

Қазақтың халық әндерінің ерекшеліктері, олардың халық өмірімен ажырамас байланысы туралы қолда бар теориялық мәліметтерге тоқтала отырып, оқушылар халық музыкалық аспаптарымен, олардың үнімен танысады. Ал, бұл халық әндері үлкен мағыналық жүкті арқалап, оқушының бойында өзіне аса қажет жеке қасиеттерді – мейірімділікті, жауап беруді, сезімталдықты, әділеттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Халық музыкасы баланың бойында ұлттық бояумен сусындаған еліне деген сүйіспеншілікті оятып, өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік беретін патриоттық тәрбиенің негізі болып табылады. Сондықтан ол бірінші сыныптан бастап-ақ оның дамуының адамгершілік және рухани аспектілеріне жауап беретін халық музыкасына деген сүйіспеншілікті ояту керек.

Балаларға қазақ тілін үйрету жүйесінде ойынның алатын орны ерекше. Ойын пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, оқушының психикалық дамуына көп нәрсе береді, қиялын, елестетуін дамытады, қимылдарды үйлестіруді қалыптастырады. Ойын сабақтың жақсы орындалуын, жеңіл оқуды және біріктіруді қамтамасыз етеді.

Оқушылардың ертегі бойынша жұмыс істеуге деген қызығушылығы жоғары. Ертегілер ғасырлар бойы адаммен бірге болды. Онда сиқыр мен шытырман ғана емес, өмірдің өзі де бар. Расында да, ертегілер тағылымды сәттердің бірі. Әрбір дерлік ертегі өмірлік сабақ береді және бұл әсіресе бала үшін маңызды. Оқушылардың ұлттық фольклорға деген қызығушылықтарын дамыту күн сайын артып келеді. Осыған орай қазақ тілі сабағында балалар ертегілермен танысады. Ертегілер мектеп оқушыларының оқуға деген қызығушылығын оятады, сөйлеу тілін дамытады, сөздік қорын толықтырады. Ертегілер тек үйретіп қана қоймайды, армандауға үйретеді, асыл қасиеттерге тәрбиелейді, қиялын дамытады, имандылыққа, жақсылық пен әділеттің жеңісіне сенуге баулиды. Ертегідегі армандардың мәні – адамдардың өз өмірін жақсартуға ұмтылуында.

Қорытынды: Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне қатысты ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі — бүгінгі білім беру үрдісінде таптырмас рухани мұра. Отбасы мен мектеп тәрбиесі тығыз байланыста болғанда ғана баланың бойына ұлттық сана, адамгершілік қасиеттер мен жауапкершілік сезімі қалыптасады. Қазақ тілі сабақтарында халықтық педагогиканың элементтерін қолдану – баланың тілдік қорын байытуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, мәдени құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Бұл – ұлттық тәрбиені сабақ арқылы берудің ең тиімді жолы. Оқушыларды халқымыздың рухани мұрасымен таныстыра отырып, ұлттық тәрбиені бойына сіңірген, тілі мен мәдениетін құрметтейтін заманауи тұлғаны тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. *Таңдамалы шығармалар*. — Алматы: "Жазушы", 1988.
2. Құнанбаев А. *Қара сөздер*. — Алматы: "Жазушы", 2006.
3. Храпченков Г.М. *Народная педагогика как средство воспитания школьников*. — Москва, 1985.
4. Әбиев Ж. *Педагогика тарихы*. — Алматы: Дарын, 2004.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақтың ұлттық тәрбиесі*. — Алматы: Санат, 1995.

Сарсенбаев Нурболат Амантаевич

Педагог-психолог

«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің
«№291 Ақшатау негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ДЕНЕ, ОЙЫН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТЕРАПИЯСЫ: ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БАЛАМА ӘДІСТЕР

Аннотация. Мақалада заманауи психологиялық көмектің балама әрі тиімді жолдарының бірі ретінде дене терапиясы, ойын және шығармашылық әдістерінің мүмкіндіктері кеңінен қарастырылған. Автор қазіргі қоғамдағы тұлғаның ішкі күйзелісін жеңілдету, баланың эмоциялық тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ ересектердің ішкі шиеленістерін шешу жолында аталған әдістердің маңызын ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан саралап, нақты мысалдармен дәлелдейді. Сонымен қатар мақалада дене арқылы санаға әсер ету механизмі, ойынның тұлғалық даму процесіндегі орны мен шығармашылықтың терапиялық әлеуеті туралы ғылыми-публицистикалық сипаттағы ойлар жүйеленіп, оларды педагог-психологтардың кәсіби қызметінде тиімді қолдану жолдары сипатталады. Әлемдік тәжірибе мен отандық зерттеулерге сүйене отырып, автор аталған әдістердің интеграциялануы арқылы кешенді психологиялық көмектің қалай жүзеге асырылатынын баяндайды. Мақала педагогикалық-психологиялық қауымдастыққа, білім беру жүйесіндегі мамандарға және практик-психологтарға арналған.

Кілт сөздер: дене терапиясы, ойын терапиясы, шығармашылық, психологиялық көмек, эмоционалдық реттеу, педагог-психолог, балама әдістер, психотерапиялық тәжірибе.

Адам жанының иірімдерін ұғу мен терең психологиялық көмек көрсетудің жолдарын іздестіру – қазіргі заман психологының кәсіби ұстанымының өзегіне айналып отыр. Психология ғылымы үздіксіз дамып, тұлғаның ішкі әлеміне ықпал етудің жаңа әдістерін ұсынған сайын, педагог-психологтардың алдында тек теорияны меңгеру ғана емес, сол білімді тәжірибемен ұштастырып, әрбір баланың, әрбір тұлғаның жан дүниесіне үңіле отырып, нәзік күйді ескеру міндеті тұр. Осындай күрделі әрі нәзік міндетті орындауда дене терапиясы, ойын және шығармашылық арқылы психологиялық көмек көрсету – ерекше әдістемелік және ғылыми негізге сүйенетін, бірегей көзқарасты талап ететін үрдіс.

Дене терапиясы – адамның эмоциялық, когнитивтік және психофизиологиялық жағдайларын оның дене күйі арқылы реттеуді мақсат ететін психотерапиялық бағыт. Бұл әдіс адамның ішкі психикалық процестерін тек сөз арқылы емес, дене қозғалыстары, қимыл-қозғалыс, тыныс алу ырғағы және бұлшық еттің босаңсуы арқылы танып-білуге мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның өмір бойы жинақтаған эмоциялық тәжірибесі, көп жағдайда, денеде бейсаналы түрде орын алып, түрлі психосоматикалық көріністерге себеп болатыны ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Мысалы, ұзақ жылдар бойы шешілмеген эмоционалдық

күйзелістер иықтың түйілуі, арқадағы ауырлық немесе тыныстың тарылуы сияқты физикалық белгілермен сыртқа шығуы мүмкін. Мұндай белгілерді дер кезінде байқау және оларды интерпретациялау – педагог-психологтың кәсіби сезімталдығы мен құзыреттілігін қажет етеді.

Осы орайда, педагог-психологтар үшін дене терапиясы — тұлғаның бойындағы эмоциялық қысымды анықтау мен оны жұмсартудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл әсіресе вербалды қарым-қатынас жасауға қабілеті шектеулі балалармен жұмыс жасауда аса маңызды. Тыныс алу техникасын қолдану арқылы баланың бойындағы үрей мен қобалжуды реттеу, дене сергіту жаттығулары арқылы ішкі қысымдарды шығару, сондай-ақ дене қимылдарына назар аудару арқылы тұлғалық ерекшеліктерді байқау – мұның бәрі дене терапиясының аясында жүзеге асады. Сонымен қатар дене арқылы эмоцияны тану мен реттеу қабілеті баланың өзін тануына, қабылдауына және өзін-өзі бағалауын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Осылайша, дене терапиясы тек физиологиялық әдіс қана емес, адамның ішкі жан дүниесіне бағытталған терең психологиялық құрал ретінде де маңызға ие.

Ойын – тек баланың дамуына бағытталған табиғи әрекет емес, сонымен қатар эмоцияны өңдеудің, ішкі шиеленістерді сыртқа шығарудың қуатты құралы. Ойын терапиясы – бала психологиясында терең орныққан әдіс. Ол баланың ішкі әлемін, сезімдері мен ойларын бейсаналы түрде айқындауға, қабылдауға және қайта өңдеуге жағдай жасайды. Баланың ойыны – оның ішкі әлемінің көрінісі; ол арқылы бала өзінде болып жатқан оқиғаларды қайта өмір сүріп, оны түсінуге және жеңілдетуге тырысады. Мысалы, кейбір балалар ойын барысында жаман кейіпкерлерді жазаға тарту немесе әлсіз кейіпкерлерді қорғау арқылы өзінің шынайы өміріндегі әділетсіздік сезімін бейсаналы түрде өңдейді.

Психологтың шеберлігі мен кәсібилігі – ойын барысындағы баланың іс-әрекеттері мен вербалды емес сигналдарын дұрыс интерпретациялауда. Мысалы, агрессияны ойыншық арқылы білдіру, қорқынышты сюжеттерді қайта-қайта ойнау немесе қуыршақтар арқылы ата-ана бейнесін жасау — баланың жан дүниесіндегі аландаушылықтар мен күйзелістердің көрінісі болуы мүмкін. Баланың таңдаған кейіпкерлері, қолданатын сөздері, ойын барысындағы рөлдік үлгілері – барлығы да маманға маңызды ақпарат береді. Психолог бұл сигналдарды дұрыс оқып, оның артында жатқан мәселелерге бағытталған кәсіби қолдау көрсеткенде ғана бала өзін қауіпсіз сезіне бастайды. Сонымен қатар ойын – терапиялық процесс ретінде бала мен психолог арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатудың ең тиімді жолы болып табылады, ал бұл сенім – әрі қарайғы психологиялық жұмыс үшін берік іргетас болмақ.

Шығармашылық – адамның ішкі жан дүниесін еркін, шектеусіз жеткізуге мүмкіндік беретін ерекше құрал. Сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыка, драма элементтері – барлығы да шығармашылық терапияның құрамдас бөліктері болып табылады. Бұл әдістер тұлғаның өзіндік “менін” көрсетуге, ішкі эмоциялық мазмұнды сыртқа шығаруға, жан дүниесінде қордаланған мәселелерді символдық түрде бейнелеуге жол ашады. Әсіресе, аутистикалық спектрдегі, сөйлеу тілінде кемшіліктері бар немесе психологиялық жарақат алған балалар үшін бейнелеу мен шығармашылық – ішкі жай-күйін жеткізудің бірден-бір жолы болуы мүмкін.

Мұндай әдістер, әсіресе, сөзбен өз ойын жеткізуде қиындық көретін балалар мен жасөспірімдерге аса тиімді. Шығармашылық – тек эстетикалық ләззат емес, ол – ішкі жан дүниені емдеудің, эмоциялық ауыртпалықты жеңілдетудің, күйзелістен арылудың құралы. Бұл орайда психологтың рөлі – шығармашылық әрекет арқылы балаға өзін еркін көрсетуге мүмкіндік беру және оның жасаған туындыларына кәсіби-психологиялық интерпретация жасау болып табылады. Баланың салған суретіндегі түстер мен пішіндер, қолданған символдар, мүсіндеген бейнелер – барлығы да бейсаналы деңгейдегі ішкі күйзелістер мен қалау-ниеттердің көрінісі. Сондықтан шығармашылық терапияны тек өнер сабақтарымен шатастыруға болмайды; бұл – ғылыми негізделген, психологиялық интервенцияны жүзеге асырудың маңызды тәсілі.

Жоғарыда аталған әдістердің әрқайсысы жеке тұрғыда нәтижелі болғанымен, оларды кешенді түрде қолдану – психологиялық көмектің тиімділігін еселей түседі. Әсіресе, тұлғаның түрлі даму кезеңдеріне байланысты әдіс таңдауда психолог жан-жақты кәсіби пайым жасай білуі қажет. Мәселен, бастауыш сынып жасындағы балаларға ойын мен дене терапиясы үйлесімді қолданылса, жасөспірімдермен шығармашылық бағыттағы жұмыс (поэзия, эссе, бейнефильм түсіру, музыкалық импровизация) аса жоғары нәтиже береді. Ал ересектермен жүргізілетін жұмыстарда денемен жұмыс, тыныс алу техникасы мен визуализация әдістерін шығармашылық элементтермен ұштастыру психоэмоциялық тепе-теңдікті қалпына келтіруде маңызды рөл атқарады.

Педагог-психологтың міндеті – баланың немесе жасөспірімнің ішкі жан күйіне терең үңіле отырып, онымен серіктес қарым-қатынас орнату, сол арқылы қауіпсіз әрі сенімді терапиялық кеңістік қалыптастыру. Бұл кеңістікте бала өзін қабылданған, түсінілген және маңызды сезінуі қажет. Дене, ойын және шығармашылық элементтері арқылы бұл кеңістік шынайы әрі емдік күшке ие бола бастайды. Сонымен қатар аталған әдістердің біріктірілуі, қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізуде де өте тиімді. Мұндай жағдайда дәстүрлі әдістердің шектеулілігі көрініп, балама жолдарға жүгіну қажеттілігі туындайды.

Халықаралық тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер де бұл әдістердің тиімділігін дәлелдеуде. Мысалы, Вильгельм Райхтың дене психотерапиясы, Александр Лоуэннің биоэнергетикалық терапиясы, Дональд Винникоттың ойын теориясы, Натали Роджерс бастаған шығармашылық бағыттағы психотерапия – барлығы да осы идеяның ғылыми негіздерін қаласа, отандық психологтар – А.И. Захаров, Л.С. Выготский, Ж.А. Аймауытов сынды ғалымдар шығармашылық және эмоциялық процестердің дамуындағы ойын мен көркем әрекеттің маңызын ерекше атап өткен.

Қорытындылай келе, педагог-психологтың кәсіби шеберлігі оның теориялық дайындығымен қатар, интуитивтік сезімталдығы, адам жанына деген нәзік көзқарасы және креативті ойлауымен өлшенеді. Дене терапиясы, ойын және шығармашылық – тек әдістер жиынтығы ғана емес, бұл — тұлғаға жан-жақты көмектесудің, оның ішкі әлеуетін ашудың, әрі эмоционалдық тепе-теңдігін қалпына келтірудің жолдары. Сондықтан бұл әдістерді педагог-психологтардың кәсіби тәжірибесіне енгізу – баланың толыққанды дамуына және қоғамдағы психологиялық мәдениеттің артуына зор үлес қосары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Коркина М.В. Психосоматические расстройства: теория, диагностика, коррекция. — СПб.: Речь, 2004. — 304 с.
2. Куликов Л.В. Основы психологического консультирования и психотерапии. — СПб.: Питер, 2016. — 288 с.
3. Жанказина Р.Ж. Психологияны оқыту әдістемесі. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 210 б.
4. Петрова А.А. Игра как метод психокоррекции в детском возрасте. — Москва: Академический проект, 2012. — 184 с.

Солодовник Олеся Анатольевна

Воспитатель

ГККП "Детский сад "Достык" города Кокшетау при отделе образования по городу Кокшетау
управления образования Акмолинской области



ЛОГОСКАЗКИ - КАК МЕТОД КОРРЕКЦИИ РЕЧЕВЫХ НАРУШЕНИЙ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Аннотация: в статье рассмотрены теоретические и практические аспекты применения логосказок как эффективного метода коррекции речевых нарушений у дошкольников. Раскрывается психологический механизм воздействия сказочного сюжета на развитие речи, анализируются виды логосказок (артикуляционные, фонематические, лексические, грамматические), описываются методические рекомендации по их использованию в работе воспитателя и логопеда. Подчёркивается значимость эмоционально-игровой мотивации, вовлечения родителей и интеграции логосказок с другими видами деятельности (музыкальной, изобразительной, театрализованной). Приводятся данные современных исследований о влиянии логосказок на развитие когнитивных процессов и мелкой моторики. Делается вывод о том, что логосказки являются универсальным коррекционно-развивающим средством, обеспечивающим не только формирование правильной речи, но и гармоничное развитие личности ребёнка, его социализацию и успешную подготовку к школьному обучению.

Ключевые слова: логосказка, коррекция речи, дошкольный возраст, речевые нарушения, артикуляционная гимнастика, фонематический слух, развитие речи, игровая деятельность, мотивация, интеграция методов, эмоциональное развитие, социализация.

В последние годы специалисты отмечают рост числа детей дошкольного возраста с речевыми нарушениями. Нарушения речи, такие как общее недоразвитие речи, фонетико-фонематическое недоразвитие, дислалия, дизартрия и задержка речевого развития, оказывают негативное влияние не только на коммуникативные навыки ребёнка, но и на его когнитивное развитие, формирование мышления, памяти и внимания. Своевременное выявление и коррекция речевых нарушений является важной задачей педагогов, логопедов и воспитателей. Особое место в системе коррекционно-развивающей работы занимают игровые методы, которые позволяют ребёнку естественным образом включаться в процесс формирования речи. Одним из таких эффективных методов являются логосказки – особый вид коррекционных сказок, направленных на развитие и исправление речи.

Логосказки представляют собой синтез художественного текста и логопедической технологии, где каждый элемент сказочного повествования подчинён конкретной коррекционной задаче. Использование сказочной формы позволяет создать эмоционально насыщенную среду, в которой ребёнок не чувствует себя на занятии, а переживает интересные

приключения вместе с персонажами. Такое погружение способствует активизации речевой деятельности, формированию положительной мотивации и устранению речевого барьера. Сказка стимулирует работу воображения, развивает ассоциативное мышление, помогает ребёнку понять причинно-следственные связи и учит выражать свои мысли связно и последовательно.

Эффективность логосказок объясняется их воздействием на эмоционально-волевую сферу ребёнка. Дети охотно участвуют в инсценировках, подражают героям, повторяют речевые образцы, выполняют артикуляционные упражнения в игровой форме. Сказочный сюжет снижает тревожность и страх неудачи, которые нередко сопровождают детей с речевыми нарушениями, создаёт атмосферу доверия и успеха. Благодаря этому ребёнок легче усваивает новые речевые модели, быстрее автоматизирует звуки, активнее использует речь в общении.

Логосказки могут быть различными по содержанию и цели. Артикуляционные сказки используются для постановки и автоматизации звуков: персонажами становятся язык, губы, зубы, которые выполняют упражнения, а ребёнок повторяет их движения. Фонематические сказки помогают развивать слуховое восприятие, учат различать сходные звуки и правильно реагировать на звуковые сигналы. Лексические сказки направлены на расширение словарного запаса, знакомят детей с новыми предметами и явлениями, способствуют формированию активного и пассивного словаря. Грамматические сказки помогают закреплять правильное употребление форм слов, строить грамматически верные предложения. Сказки на развитие связной речи стимулируют умение пересказывать, придумывать собственные истории, развивают монологическую и диалогическую речь.

Методика работы с логосказками предполагает несколько этапов: подготовительный, основной и заключительный. На подготовительном этапе воспитатель знакомит детей с героями сказки, создаёт мотивацию, обсуждает тему. Основной этап включает чтение или инсценировку сказки, выполнение речевых и артикуляционных упражнений, диалоги с персонажами. На заключительном этапе дети пересказывают сюжет, придумывают новые окончания, разыгрывают сценки, что способствует закреплению речевых навыков. Важно, чтобы логосказка была краткой, яркой, доступной по содержанию, с чёткими речевыми образцами.

Для повышения эффективности логосказок воспитателю рекомендуется использовать наглядность: игрушки, куклы, карточки с изображениями персонажей. Желательно сочетать сказку с музыкальным сопровождением, ритмическими движениями, элементами театрализации. Такой комплексный подход активизирует разные виды восприятия – слуховое, зрительное, кинестетическое, что особенно важно для детей с речевыми нарушениями.

Практика показывает, что регулярное использование логосказок в образовательном процессе приводит к положительным результатам: улучшается звукопроизношение, увеличивается словарный запас, развивается грамматический строй речи, повышается уровень связности и выразительности высказываний. Кроме того, логосказки способствуют развитию социально-коммуникативных навыков: дети учатся взаимодействовать друг с другом, выражать эмоции словами, договариваться, слушать собеседника. Это благоприятно сказывается на их адаптации в детском коллективе и дальнейшем обучении в школе. Следует отметить, что логосказки имеют и коррекционно-профилактическое значение. Их можно использовать не только для детей с выраженными речевыми нарушениями, но и для всей группы с целью обогащения речевой среды, предупреждения вторичных нарушений и формирования интереса к устной речи. Воспитатель, владеющий методикой логосказок, получает эффективный инструмент для интеграции коррекционной и воспитательной работы, создавая условия для гармоничного речевого и личностного развития дошкольников.

Современные нейрopsихологические исследования показывают, что использование сказочных сюжетов активизирует не только речевые зоны мозга, но и структуры, отвечающие за эмоциональную регуляцию, память и мотивацию. Во время восприятия логосказки ребёнок

не просто слушает текст, но и мысленно «проигрывает» сюжет, что стимулирует работу зеркальных нейронов. Эти нейроны отвечают за имитацию действий и формирование новых двигательных и речевых программ. Поэтому выполнение артикуляционных упражнений в контексте сказки оказывается более успешным, чем при механическом повторении движений.

Также отмечается положительное влияние логосказок на развитие мелкой моторики. Если включать в сказочный сюжет элементы пальчиковой гимнастики, манипуляции с мелкими предметами или рисование по мотивам сказки, это дополнительно стимулирует речевые центры мозга. Таким образом, логосказка становится мультисенсорной технологией, где задействованы слух, зрение, тактильные ощущения и двигательная активность.

Новая тенденция в логопедической практике – создание мультимедийных логосказок, когда педагог использует аудио- и видеоматериалы, интерактивные презентации, анимации. Это особенно эффективно для детей с задержкой речевого развития и сниженной познавательной активностью, так как цифровой формат повышает интерес, облегчает запоминание и даёт возможность многократно проигрывать материал.

Важным направлением является вовлечение родителей в процесс работы с логосказками. Совместное проигрывание сказок дома, обсуждение сюжетов, придумывание собственных историй укрепляют эмоциональный контакт ребёнка с родителями и делают коррекцию речи более систематичной. Педагогу рекомендуется проводить мастер-классы для родителей, демонстрировать приёмы инсценировки логосказок и давать домашние задания в игровой форме. Кроме того, логосказки можно интегрировать с другими образовательными областями. Например, в процессе экологического воспитания можно придумывать сказки о животных и растениях, одновременно закрепляя правильное произношение звуков. На музыкальных занятиях логосказки можно сопровождать песенками и ритмическими движениями, что помогает развивать чувство ритма и темп речи.

В заключение стоит подчеркнуть, что логосказки – это не просто художественные тексты, а методическое средство, требующее профессиональной подготовки и творческого подхода педагога. Грамотный подбор сказочного материала, учет возрастных и индивидуальных особенностей детей, систематичность работы и её эмоциональная насыщенность обеспечивают высокую результативность коррекционного процесса. Использование логосказок позволяет сделать процесс коррекции речи интересным, мотивирующим и эффективным, способствует успешному речевому развитию каждого ребёнка, его уверенности в собственных силах и полноценной социализации.

Использованные литературы:

1. Мастюкова Е.М. Коррекционная педагогика: основы и методики. – Москва: Владос, 2021.
2. Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников: методические рекомендации для педагогов. – Санкт-Петербург: Детство-Пресс, 2020.
3. Серебрякова Н.В. Логопедическая ритмика и сказкотерапия в работе с детьми. – Москва: Просвещение, 2019.
4. Бабина Г.В. Игровые технологии в коррекционной работе логопеда. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т, 2022.
5. Асылбекова А.К. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.

Байлиева Айнура Берекеевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің
 Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МӘТІН ЖАЗУ ШЕБЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың басты бағыты – оқыту мазмұнын жаңарту және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатта атап көрсетілгендей, оқу процесінде білім алушылардың тек білімді меңгеруі ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілетін дамыту, ұлттық құндылықтарға баулу және тілдік құзыреттілігін арттыру – негізгі мақсат болып отыр.

Осы есепте орыс тілінде оқитын 9-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасының мазмұны, ерекшелігі, жаңашылдығы мен күтілетін нәтижелері қарастырылады. Есеп бағдарламаны әзірлеу барысында пайдаланылған нормативтік құжаттарға, әдістемелік ұсыныстарға және оқыту тәжірибесіне сүйене отырып жасалды.

Бағдарламаны әзірлеу негіздері:

Бағдарлама төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес дайындалды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №39-III «Білім туралы» Заңы (06.05.2020 ж. толықтыруларымен);
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»;
- «2024–2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

Осы құжаттарға сүйене отырып, бағдарлама орыс сыныптарында оқитын оқушылардың жас ерекшелігіне, қазақ тілін меңгеру деңгейіне және коммуникативтік қажеттіліктеріне сәйкес құрастырылды.

Бағдарламаның мақсаты:

Бағдарламаның негізгі мақсаты – орыс тілінде оқитын 9-сынып оқушыларына мәтін мен стильдің ерекшеліктерін меңгерту арқылы қазақ тілінде сауатты, логикалық және мәдениетті қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер айқындалды:

1. Мәтіннің мәнін, құрылымын және түрлерін оқушыларға түсіндіру;
2. Стиль түрлерінің ерекшеліктерін үйрету және оларды тәжірибеде қолдануға машықтандыру;
3. Жазу дағдыларын жетілдіру: жоспарлау, жазу, редакциялау;
4. Ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген мәтіндер арқылы оқушылардың мәдени-танымдық көкжиегін кеңейту;
5. Қазақ тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін арттыру.

Бағдарламаның өзектілігі:

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында тілдік сауаттылық пен тиімді коммуникация кәсіби де, әлеуметтік те тұрғыдан аса маңызды. Орыс сыныптарында оқитын оқушылардың қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасауы – елдегі көптілділік саясатының негізгі талаптарының бірі.

Мәтін мен стильді меңгерту оқушыларға мынадай мүмкіндіктер береді:

- Ақпаратты талдау, салыстыру, жүйелеу;
- Өз ойын анық, қысқа әрі дәл жеткізу;
- Қазақ тілінде әртүрлі стильде мәтін құрастыру;
- Ұлттық құндылықтарды танып-білу арқылы мәдениетаралық қарым-қатынасты

дамыту.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

Бағдарламаның басты жаңашылдығы – қазақ тілін оқытуды тек грамматикалық құрылымдарды меңгерумен шектемей, мәтін және стиль арқылы кешенді түрде дамыту.

Жаңашылдық төмендегі бағыттарда көрінеді:

. Мәтін талдау жұмыстары ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген мәтіндер арқылы жүргізіледі;

2. Әр стиль түрі нақты өмірлік жағдаяттарға байланысты меңгертіледі (мысалы, ресми стиль – өтініш, арыз жазу, публицистикалық стиль – мақала жазу т.б.);

3. Жазу дағдыларын дамыту жүйелі үш кезеңмен іске асады: жоспарлау – жазу – редакциялау;

4. Практикалық жұмыстар әр тоқсан соңында жүргізіліп, оқушылардың алған білімдерін бекітуге бағытталады.

Бағдарламаның мазмұны:

Бағдарлама төмендегі тақырыптық бөлімдерден тұрады:

- . Кіріспе (2 сағат)
 - Мәтін ұғымы, қоғамдағы рөлі;
 - Стильдің анықтамасы, мәтінге әсері.
- 2. Мәтіннің түрлері (5 сағат)
 - Әдеби мәтіндер (поэзия, проза, драматургия);
 - Ғылыми мәтіндер (мақалалар, зерттеулер);
 - Кәсіби мәтіндер (құжаттар, сипаттамалар);
 - Журналистикалық мәтіндер (репортаж, мақала);
 - Күнделікті мәтіндер (әңгіме, хат, әлеуметтік желідегі жазбалар).
- 3. Мәтіннің құрылымы (5 сағат)
 - Тақырып, идея, бөлімдер;
 - Логикалық құрылымдау.
- 4. Стиль түрлері (0 сағат)
 - Ресми стиль;
 - Көркем әдеби стиль;
 - Публицистикалық стиль;
 - Ғылыми стиль;
 - Ауызекі сөйлеу стилі.
- 5. Жазу дағдылары (5 сағат)
 - Жоспарлау, жазу, редакциялау;
 - Стильді дұрыс таңдау;
 - Тілдік құралдарды қолдану.
- 6. Мәтіндерді талдау (3 сағат)
 - Әдеби мәтіндер: кейіпкер, сюжет, стиль;
 - Ғылыми мәтіндер: аргумент, дәлел, құрылым;
 - Журналистикалық мәтіндер: фактілер, пікір, көзқарас.
- 7. Практикалық жұмыстар (4 сағат)
 - Шығармашылық әңгіме немесе өлең жазу;
 - Ғылыми мақаланың құрылымын жасау;
 - Журналистік материал дайындау;
 - Мәтіндерді редакциялау.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама нәтижесінде оқушылар:

1. Мәтіннің түрлері мен құрылымын ажырата алады;
2. Жазу барысында стильдік ерекшеліктерді сақтайды;
3. Өз ойын логикалық әрі дәлелді түрде жеткізеді;
4. Қазақ тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жүргізе алады;
5. Жазба жұмыстарын редакциялап, жетілдіре алады;
6. Әртүрлі стильде мәтін құрастыру қабілетін дамытады.

Практикалық маңызы:

Бұл бағдарлама оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын да қалыптастырады. Мәтіндер арқылы салт-дәстүрді үйрену – жастардың рухани дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар жазу дағдылары кәсіби салада да, күнделікті өмірде де қажетті коммуникациялық қабілеттерді дамытады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, бағдарлама орыс тілінде оқитын оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға, мәтін мен стильді дұрыс қолдануға, өз ойын сауатты жеткізуге бағытталған. Бұл бағдарлама заманауи қоғамның талаптарына сай келіп, оқушылардың болашақта кәсіби және әлеуметтік өмірде табысты болуына ықпал етеді.

Жусупова Жанна Мухаметжановна

Тәрбиеші

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің
"Балапан" бөбекжайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

АДАЛ АЗАМАТТЫ КІРІКТІРУ

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие арқылы адал азаматты кіріктіру мәселесі қарастырылады. Қазіргі қоғамда табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, балаларға табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды үйрету арқылы адамгершілік құндылықтарды дарыту өзекті болып отыр. Балабақша жасындағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту, қоршаған ортаны бағалай білу, табиғатты аялау арқылы адалдық, әділдік, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Жас ұрпақтың экологиялық дүниетанымын дамыту барысында тәрбиеші тұлғасы негізгі рөл атқарады, себебі экологиялық білім беру тек қана ақпаратпен шектелмей, күнделікті тәжірибеде іс-әрекетке ұласуы тиіс. Мақалада экологиялық бағыттағы тәрбиенің ғылыми негіздері мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері талдана отырып, адал азамат тұлғасын қалыптастырудағы рөлі ашылады.

Кілт сөздер: адал азамат, экологиялық тәрбие, мектепке дейінгі білім, табиғатты қорғау, экологиялық мәдениет, құндылықтар, тәрбиеші рөлі.

Қоғамның болашағы жас ұрпақтың қолында екендігі баршаға аян. Жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, еңбекқорлық, ізгілік, табиғатты қорғауға деген сүйіспеншілік қасиеттерін сіңіру – қазіргі таңда ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. «Адал азаматты кіріктіру» ұғымы тәрбиенің кешенді мазмұнын қамтиды, ол тұлғаның тек моральдық-адамгершілік қырларын дамытумен шектелмей, оның әлеуметтік жауапкершілігін, экологиялық мәдениетін, азаматтық борышын сезінумен тікелей байланысты. Әсіресе, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу барысында бұл мәселе ерекше өзектілікке ие.

Себебі баланың дүниетанымдық негіздері, құндылықтарға деген қатынасы, қоршаған ортаға көзқарасы дәл осы кезеңде қаланады.

Экологиялық тәрбие – табиғатты сүюге, қорғауға, аялауға, оның ресурстарын тиімді пайдалануға, сонымен қатар өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға баулитын кешенді үрдіс. Бала табиғатты тек сыртқы әлем ретінде қабылдап қоймай, оны өзінің өмірімен, болашағымен байланыстыра алғанда ғана шынайы экологиялық мәдениет қалыптасады. Мұндай мәдениет адал азаматтың басты сипаты болып саналады. Балабақшада жүргізілетін табиғатпен байланысты ойындар, тәжірибелік тапсырмалар, серуендер, гүл отырғызу, құстарға жем беру сияқты әрекеттер балаларға үлкен тәрбие береді. Бұл іс-әрекеттер арқылы бала тек табиғат құбылыстарын танып қоймайды, сонымен қатар адалдық пен қамқорлық сезімін бойына сіңіреді.

Тәрбиелеу барысында тәрбиешінің рөлі айрықша. Тәрбиеші әрбір сабақты экологиялық мазмұнмен толықтыра отырып, балаларды адалдыққа үйретеді. Мысалы, балаға өсімдікті сындырмай, оны күтіп-баптаудың, суарудың, қоршаған ортаны ластамаудың маңызын түсіндіру арқылы ол табиғатқа деген қамқорлықты үйренеді. Бұл қамқорлық уақыт өте келе өзге адамдарға деген адалдық пен әділеттілікке айналады. Яғни экологиялық тәрбие арқылы берілген құндылықтар тұлғаның адамгершілік қасиеттерімен тікелей астасып жатады.

Адал азаматты кіріктіруде экологиялық ойындардың орны ерекше. Әрбір ойын баланың қиялын дамытып қана қоймай, табиғатқа жақындастырады. Мәселен, «Орман достары», «Жануарларды қорғаймыз», «Гүлдер әлемінде» секілді ойындарда балалар табиғаттың әрбір бөлшегін сезіне отырып, оның қадір-қасиетін түсінеді. Сонымен бірге ұжымдық жұмыс арқылы достық, әділдік, ынтымақтастық сезімдері де дамиды. Бұл – адал азаматтықтың негізі.

Балалардың экологиялық дүниетанымын қалыптастыру тек қана табиғатқа қатысты білім берумен шектелмейді. Ол баланың күнделікті өмірінде адал әрекеттер жасауға бейімделуімен тығыз байланысты. Мысалы, балаларға қоқысты сұрыптауды үйрету арқылы біз оларға тек экологиялық дағды ғана емес, сонымен бірге тәртіптілік, жауапкершілік, әділдік қасиеттерін сіңіреміз. Балабақша қабырғасынан бастап балалардың бойында осындай дағдыларды қалыптастыру – олардың өмір бойғы ұстанымдарына айналуы ықтимал.

Бүгінгі таңда қоғамда «жасыл мәдениет» ұғымы кеңінен таралып келеді. Бұл ұғымның мәні – адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруі, табиғи ресурстарды үнемдеп пайдалана отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмеу. Егер бала балабақшада осы қағидаларды түсініп, бойына сіңірсе, ол ертеңгі күні қоғамда адал азамат болып қалыптасады. Тәрбиешілердің міндеті – осы құндылықтарды жүйелі түрде балаға жеткізу, оны тек сөз жүзінде емес, нақты әрекеттер арқылы көрсете білу.

Адал азаматты қалыптастыруда экологиялық тәрбие мен моральдық-адамгершілік құндылықтардың өзара байланысы айрықша. Мысалы, табиғатқа зиян тигізбеу – адалдықтың бір көрінісі. Табиғи байлықты орнымен пайдалану – әділдікке әкеледі. Өсімдік пен жануарға қамқор болу – мейірімділіктің белгісі. Осындай байланыстарды балаға түсіндіру арқылы біз оның ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, тұлғалық қасиеттерін де жетілдіреміз.

Баланың табиғатқа деген қатынасын қалыптастыруда халықтық педагогиканың рөлі зор. Қазақ халқы ежелден табиғатпен етене өмір сүріп, оны қастерлеп, әрбір табиғи құбылысты тәрбиелік мәнге ие деп санаған. «Ағаш жапырағымен көрікті, адам ұрпағымен көрікті», «Су ішкен құдығыңа түкірме» сияқты мақал-мәтелдер табиғатты аялау мен адалдық ұғымының ажырамас байланысын көрсетеді. Мұндай халық даналығын балабақшада қолдану балаларға экологиялық және адамгершілік құндылықтарды қатар дарытады. Тәрбиеші ауыз әдебиеті үлгілерін, ертегілерді, жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді сабақ мазмұнына енгізу арқылы балаға табиғат пен адалдықты қатар үйретеді.

Сонымен қатар қазіргі заманда экологиялық тәрбиені тек дәстүрлі әдістермен емес, заманауи технологиялармен де жүзеге асыруға болады. Мысалы, балаларға арналған мультимедиялық бағдарламалар, экологиялық бағыттағы анимациялар, интерактивті ойындар арқылы табиғат құбылыстарын таныстыру олардың ой-өрісін кеңейтеді. Мұндай тәсілдер

балаларды қызықтыра отырып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралына айналады. Цифрлық ортаға бейімделген бүгінгі баланың қызығушылығын ескеру тәрбиенің нәтижелілігін арттырады.

Экологиялық тәрбие тек балабақша қабырғасымен шектелмей, отбасы мен қоғам тарапынан да жалғасын табуы тиіс. Балабақшадағы білім мен тәрбие ата-ананың күнделікті үлгісімен ұштасқанда ғана балада тұрақты дағды қалыптасады. Мысалы, ата-ананың үйде қоқысты сұрыптауы, суды үнемдеуі, өсімдіктерді күтіп-баптауы балаға тікелей әсер етеді. Тәрбиеші ата-анамен байланыс орната отырып, экологиялық мәдениетті бірге қалыптастыруға күш салуы қажет.

Жаһандық деңгейде экологиялық дағдарыстардың артып отырғаны белгілі: климаттың өзгеруі, ауа мен судың ластануы, ормандардың жойылуы сияқты мәселелер бүкіл адамзатқа ортақ қауіпке айналуға. Осындай жағдайда жас ұрпақты ерте жастан табиғатты қорғауға баулу – стратегиялық маңызы бар міндет. Егер балабақша жасынан бастап бала табиғатты қорғаудың мәнін түсінсе, ол ертенгі күні адал, жауапты, саналы азамат болып қалыптасады.

Тәрбие барысында эстетикалық тәрбие мен экологиялық құндылықтарды ұштастыру да маңызды. Табиғаттағы сұлулықты сезіну арқылы балада әсемдікке, тазалыққа, үйлесімге деген сүйіспеншілік қалыптасады. Бұл сүйіспеншілік уақыт өте келе адамның мінез-құлқына әсер етіп, оның өмірлік ұстанымына айналады. Баланың табиғат көріністерін сурет салу, ән айту, өлең жаттау арқылы бейнелеуі – оның ішкі жан дүниесін байытып, адалдыққа тәрбиелейді.

Болашақта экологиялық бағыттағы білім мен тәрбие жүйелі жүргізілсе, адал азамат ұғымы тек моральдық қасиетпен шектелмей, оның әлеуметтік-экологиялық жауапкершілігімен толықтырылады. Яғни адал азамат – тек шыншыл, әділ ғана емес, сонымен қатар табиғатты қорғаушы, қоршаған ортаға зиян тигізбеуші, өзінің және қоғамының болашағы үшін жауапты тұлға.

Ғылым мен тәжірибе көрсеткендей, ерте жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру олардың болашақтағы мінез-құлқына зор әсер етеді. Мектепке дейінгі кезеңде алған әсерлер тұлғаның өмір бойғы бағыт-бағдарына ықпал етеді. Сондықтан адал азаматты кіріктіруде бұл кезең шешуші рөл атқарады. Балабақшада табиғатпен тығыз байланыста өткізілген әрбір сабақ, әрбір іс-шара баланың жадында ұзақ сақталады.


Осы тұрғыдан алғанда, тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олар тек білім беруші ғана емес, балаларға үлгі болатын тұлға болып табылады. Тәрбиеші табиғатқа қалай қарайды, қоқысты қайда тастайды, өсімдікті қалай күтеді – мұның бәрін бала байқап, қайталайды. Сол себепті экологиялық бағыттағы тәрбиенің басты қағидалары тәрбиешінің күнделікті әрекетімен тығыз байланысты.

Қорытындылай келгенде, «Адал азаматты кіріктіру» идеясы экологиялық тәрбиемен тікелей ұштасып жатыр. Балабақшада экологиялық құндылықтарды қалыптастыру арқылы біз жас ұрпаққа адалдық, әділеттілік, қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін дарытамыз. Мұндай ұрпақ ертең қоғамда табиғатты да, адамды да аялауға қабілетті, елінің адал азаматы болып өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев С. «Этнопедагогика және экологиялық тәрбие». – Алматы: Рауан, 2018.
2. Сейсенбаева Ә. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие негіздері». – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
3. UNESCO. "Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives". – Paris: UNESCO, 2017.
Дидактикалық ойындар. Ойын әрқашан тосын және ерекше элементті қамтиды, қандай да бір тапсырма, мәселе шешіледі, яғни ойын танымдық тапсырма ретінде сабақта бірдей функцияларды орындайды. Көбінесе бұл жерде бәсекелестік элемент бар және ойын жағдайларын жасау мүмкіндігі өте жоғары.

Математикалық пазлдар. Мұндай тапсырмалардың басты артықшылығы, олар оқушылардан тапсырмалардың құрамдас бөліктері арасындағы маңызды байланыстарды көрсетуді талап етеді, сонымен бірге көбінесе балалардың ой-пікірлерінің қарама-қарсы жағына өзгереді, балалардың әрекет еркіндігін арттырады, бұл қалыпты жағдайда өте сирек қол жеткізіледі.

Сандық ребустар. Бұл логикалық әдіс оқушылардың үйренгеніне қарама-қарсы, пайымдауды қажет ететін шифрланған тапсырмаларды пайдаланады. Шын мәнінде, сандық ребустар шешуге болатын логикалық байланыстардың шиеленісуінен басқа ештеңе емес.

Кеңістіктегі геометрия. Тұтастай алғанда геометрия, сондай-ақ оның негізгі құрамдас бөліктері – фигуралар, логика және практикалық қолдану – мұғалімге кез келген жастағы баланың бейнелі және логикалық ойлауын үйлесімді дамытуға, оның практикалық әрекет дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзіл есептер. Бір қарағанда, бұл тапсырмалар өте қарапайым, бірақ бүлдіршіндерден тез жауап беруге асықпауды талап етеді. Мұндай мәселелерді дұрыс шешу көбінесе қосымша

білімді қажет етпейді, бірақ ең бастысы - мәселенің жағдайын мұқият оқып шығу және шиеленістерді болдырмауға тырысу.

Математикалық кейіпкерлерді сабақ барысына қосу. Сабаққа қандай да бір математикалық кейіпкер енгізіледі, ол не есепті шешеді, не оның шешімін ұсынады, не айла ойлап табады, т.б. Кейде екі кейіпкер енгізіледі: бірі ақылды, екіншісі немқұрайлы болады.

Оқушыларға стандартты емес тапсырмаларды ұсына отырып, олардың логикалық операцияларды орындау қабілеттерін қалыптастырамыз және сонымен бірге оларды дамытамыз. Мұндай тапсырмаларды таңдау критерийі, сабақ тақырыбына немесе сабақтар топтамасына сәйкестігі олардың тәрбиелік және оқыту мақсаты болып табылады. Мұндай тапсырмаларды жаңа материалды түсіндіру кезінде де, үйренгенді бекіту кезінде де шешуге болады.

Мұғалімдер мен ата-аналардың рөлі

4.1 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Мұғалімдер логикалық ойлау процестері мен тиімді оқыту стратегиялары туралы түсінігін жақсарту үшін оқу және кәсіби даму мүмкіндіктерін алуы керек. Бұл тренинг мұғалімдерге математикалық білім беруде логикалық ойлауды дамытатын қолдаушы және ынталандырушы оқу ортасын құруға қажетті құралдарды береді.

4.2 Ата-аналармен ынтымақтастық

Ата-аналар сыныптан тыс уақытта логикалық ойлауды дамытуға қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Ата-аналарды балаларымен бірге үстел ойындары және нақты өмірдегі міндеттерді шешу сценарийлері сияқты математикалық іс-шараларға қатысуға ынталандыру логикалық ойлау дағдыларын күшейтеді. Сонымен қатар ата-аналар математикаға деген оң көзқарасты дамыта алады және қиын мәселелерге тап болған кезде табандылық пен төзімділікке шақырады.

Қорытынды

Логикалық ойлауды дамыту бастауыш сынып оқушыларына математикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Логикалық ойлауды оқу бағдарламасына кіріктіру, ізденуге негізделген оқытудың тиімді әдістемелерін қолдану арқылы тәрбиешілер оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыта алады. Сонымен қатар мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі. Логикалық ойлауды дамыта отырып, тәрбиешілер балалардың тек математикадан ғана емес, сонымен қатар оқу және тұлғалық өсудің түрлі аспектілерінде табысқа жетуге қажетті дағдылармен қаруландырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев, Ж.Б., & Қоянбаев, Р.М. *Педагогика*. Алматы: Рауан. 2004
2. Жұмабаев, С. *Математика сабағында логикалық ойлауды дамыту жолдары*. Бастауыш мектеп, (6), 12-15. 2019.
3. Қараев, Ж.А. *Оқытудың тиімді технологиялары*. Алматы: Білім. 2001.
4. Елмұратова, С.Ш. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда математиканың орны. *Ұлттық білім академиясының хабаршысы*, 3(79), 44-47. 2020.
5. Woolfolk, A. *Educational Psychology* (12th ed.). Pearson. 2014.

Заманбек Серикгул

Бастауыш сынып мұғалімі

"Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Қоянды ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



СӨЗ ТАПТАРЫ ТҮРЛЕРІН АЖЫРАТА БІЛУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

***Аннотация.** Мақалада қазақ тіл білімінің негізін құрайтын сөз таптары мен оларды ажырата білудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады. Оқушылардың грамматикалық білімін тереңдетіп, тілдік құзыреттілігін дамыту барысында сөз таптарын дұрыс тану ерекше маңызға ие. Ғылыми-публицистикалық тұрғыдан баяндалған бұл еңбекте дәстүрлі оқыту әдістері мен заманауи технологияларды кіріктірудің мүмкіндіктері сараланып, түрлі тәжірибелік мысалдар келтіріледі. Сөз таптарын меңгерту тек теориялық ережелерді жаттатумен шектелмей, тілдік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар, ойын элементтері, көрнекі құралдар және цифрлық платформалар арқылы жүзеге асуы қажет екендігі дәлелденеді. Сонымен қатар сөз таптарын оқытудағы басты қиындықтар, оларды шешудің жолдары мен оқушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық мүмкіндігін дамытатын әдістемелік қырлары терең талданады. Мақалада тіл үйрету процесінің заманауи парадигмасына сәйкес оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағытталған әдістер ұсынылады.*

***Кілт сөздер:** сөз таптары, тиімді тәсілдер, тіл үйрету, грамматика, оқыту әдістемесі, қазақ тілі.*

Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін толық меңгеру әрбір оқушы үшін ана тілін терең танудың басты шарты болып табылады. Сол жүйенің ең маңызды салаларының бірі – сөз таптары. Сөздердің мағыналық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне қарай топтастырылуы тілдің ішкі заңдылықтарын танып-білудің кілті іспеттес. Алайда мектеп тәжірибесінде оқушылар сөз таптарының түрлерін шатастырып, оларды ажырата білуде қиналатыны жиі кездеседі. Осыған байланысты мұғалім алдында тұрған басты міндет – оқушыларға сөз таптарын тек теориялық тұрғыда түсіндіріп қана қоймай, оны нақты өмірлік қолданыста таныта отырып, тиімді әдістер арқылы меңгерту.

Тіл үйрету ісінде сөз таптарын дұрыс ажыратудың мәні зор. Өйткені әрбір сөйлемнің мағыналық тұтастығы сөздердің өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Егер оқушы сөз таптарының ерекшеліктерін жетік білмесе, оның сөйлеу мәдениеті де, жазу сауаттылығы да төмендейді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сөз таптарын оқытудың ғылыми негізделген әдістерін қолдану өзекті мәселелердің қатарында. Дәстүрлі әдістер ішінде түсіндірме, жаттығу, мысалдар келтіру, талдау жасау кеңінен қолданылып келсе, қазіргі уақытта мұғалімдер оқушының белсенді әрекетіне сүйенетін интерактивті тәсілдерге жиі жүгінуде.

Сөз таптарын ажыратуда ең тиімді тәсілдердің бірі – салыстыру әдісі. Мәселен, зат есім мен сын есімді салыстыра отырып, олардың ортақ және айырмашылық белгілерін анықтау оқушының ойлау қабілетін дамытады. Сол сияқты етістік пен есімдіктің қолданысын салыстыру арқылы олардың сөйлемдегі қызметін түсіндіруге болады. Бұл тәсіл оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушыдан белсенді ізденушіге айналдырады. Сонымен қатар салыстырудың визуалды үлгілерін – диаграммалар, кестелер, схемаларды қолдану тиімді.

Оқушының қызығушылығын ояту үшін ойын элементтерін енгізудің де мәні зор. Мысалы, «Қай сөз табы?» ойыны арқылы мұғалім әртүрлі сөздерді ұсынып, оқушылардан оның қай сөз табына жататынын тез арада анықтауды сұрайды. Мұндай тапсырмалар тілдік дағдыны бекітіп қана қоймай, оқушылардың есте сақтау қабілетін де дамытады. Ойын түрінде ұйымдастырылған жаттығулар оқушылардың сабақты көңілді әрі белсенді қабылдауына ықпал етеді.

Жаңа ғасырдағы білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану оқыту процесін жеңілдетіп қана қоймай, оны тиімді етеді. Сөз таптарын оқытуда түрлі онлайн платформалар мен жасанды интеллектке негізделген қосымшаларды пайдалануға болады. Мысалы, оқушы интерактивті тапсырмаларды орындау барысында бірден кері байланыс алып, өзінің қателерін көреді. Бұл тәсіл оқушыға өз бетінше білімін толықтыруға мүмкіндік береді. Әсіресе орыс тілді топтарға қазақ тілін оқытуда цифрлық технологиялардың көмегі айрықша. Себебі тілдік кедергіні еңсеруде визуалды және интерактивті әдістер ерекше әсер етеді.

Сонымен қатар мәтін арқылы сөз таптарын анықтау әдісі де тиімді саналады. Оқушыларға шағын мәтін беріліп, ондағы әрбір сөздің қай сөз табына жататыны талданады. Бұл әдіс оқушылардың тек жеке сөзді емес, оны сөйлем құрылымындағы қызметімен бірге түсінуіне мүмкіндік береді. Мәтіндік талдау оқушының грамматикалық білімін арттырып қана қоймай, әдеби мәтіндерге деген қызығушылығын да оятады.

Қазіргі әдістемелік ізденістердің бірі – коммуникативтік тәсіл. Бұл тәсіл бойынша сөз таптары жеке дара оқытылмай, сөйлеу әрекеті барысында үйретіледі, яғни оқушылар түрлі диалогтар құрып, өз ойын білдіру кезінде әртүрлі сөз таптарын орыңды қолдануға машықтанады. Коммуникативтік тәсіл оқушыны тек грамматикалық ережелерді меңгеруге ғана емес, оларды өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйретеді.

Әдеби шығармалар арқылы сөз таптарын меңгерту оқушылардың ойлау өрісін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен бірге олардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, әдебиетті терең түсінуіне жол ашады. Себебі көркем туындылардағы әрбір сөз тек қана грамматикалық категория емес, сонымен қатар ойды жеткізуші көркемдік құрал ретінде қызмет атқарады. Мысалы, Абайдың қара сөздерін талдау барысында етістіктің қолданысын анықтау арқылы ақынның ойды әрекет үстінде бейнелеу ерекшелігі ашылады, ал сын есімдерді табу арқылы оның адам мінезін суреттеудегі шеберлігін көруге болады. Сол сияқты Мұхтар Әуезовтің прозасынан зат есімдердің қолданысын талдау оқушыға автордың ұлттық болмысты, дәстүрді, тұрмысты бейнелеу тәсілін түсінуге мүмкіндік береді.

Мәселен, Абайдың отыз сегізінші қара сөзіндегі «Адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген сөйлемін алайық. Мұндағы *ақыл, ғылым, ар, мінез* сөздерін оқушылар зат есім екенін дәлелдей отырып, олардың қандай рухани құндылықтарды білдіретінін талдай алады. Осы арқылы оқушы әрі грамматикалық тұрғыдан сөз табын дұрыс анықтайды, әрі мәтіндегі терең ойды түсінеді. Сол сияқты Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған «Жас бала анасының әлдиімен ержетеді, әкесінің ақылымен кемелденеді» деген сөйлемді талдауда оқушылар *бала, ана, әлди, әке, ақыл* сөздерінің зат есім екенін, ал *ержетеді, кемелденеді* сөздерінің етістік екенін ажыратып көрсетеді. Осындай мысалдар оқушылардың әдеби мәтінмен жұмыс істей отырып, тілдік білімін тереңдетуіне ықпал етеді. Бұл әдіс грамматиканы өмірмен, әдеби мұрамен байланыстырып, оқушыға тілдің тек ереже емес, ойды жеткізудің көркем құралы екенін дәлелдейді.

Сөз таптарын ажыратуда кездесетін басты қиындықтардың бірі – кейбір сөздердің көп мағыналылығы мен олардың контекске байланысты түрлі сөз табына жатуы. Мәселен, «жас»

сөзі бірде сын есім (жас бала), бірде зат есім (оның жасы), кейде үстеу (жас кезімде) болып қолданыла алады. Мұндай мысалдарды талдау барысында оқушының аналитикалық қабілеті артып, тілдің икемділігін түсінеді.

Жалпы алғанда, сөз таптарын оқытуда дәстүрлі әдістерді заманауи технологиялармен ұштастыру, оқушыны ойландыруға, іздендіруге бағытталған тапсырмалар беру, әдеби және өмірлік материалдарды кіріктіру ең тиімді жол болып табылады. Мұндай тәсілдер оқушының тек грамматикалық білімін ғана емес, оның тілдік тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері әр сабақта әдістемелік тұрғыдан ізденіс жасап, жаңа жолдарды қарастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 2006.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Пауан, 2011.
3. Suleimenova E. Modern Methods in Teaching Kazakh Language. – Astana: Eurasian National University Press, 2018.
4. UNESCO. Innovative Language Teaching Approaches. – Paris, 2020.

Есенгужина Гульден Ануаровна

Учитель начальных классов

КГУ "Средняя школа №35 имени Халела Досмухамедулы" государственного учреждения
"Отдел образования города Актобе"

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Аннотация

В данной статье рассматривается педагогическая значимость активных методов обучения в образовательном процессе начальной школы. Автор акцентирует внимание на необходимости развития познавательных интересов, творческих способностей, самостоятельности и активности учащихся в условиях современной образовательной системы. Описываются сущность и преимущества таких активных методов, как деловая игра, проектное обучение, кейс-технологии и учебные дискуссии. Эти методы способствуют практическому освоению теоретических знаний, развитию критического мышления, навыков принятия решений и работы в коллективе. Также в статье теоретически и практически обосновывается эффективность применения активных методов обучения, обеспечивающих активное участие обучающихся в учебном процессе.

Ключевые слова: *активные методы обучения, начальное образование, педагогические технологии, учебная мотивация, критическое мышление, дискуссия, проектная работа, кейс-метод, познавательная активность, личностное развитие учащегося.*

В современных условиях начальное образование направлено на развитие личности ребенка, раскрытие его творческих способностей и сохранение его физического, психического здоровья. Перед обучением ставится задача не только дать учащимся определенные знания, но и обеспечить формирование и развитие познавательных интересов и способностей, творческого мышления, умений и навыков самостоятельного мыслительного труда. Эту проблему можно решить с помощью методов активного обучения.

Проблема учебной активности ребенка является одной из наиболее актуальных как в педагогико-психологической науке, так и в учебной практике. Исторически в педагогике

сложились два мнения о позиции ученика в учебном процессе: некоторые рассматривали ребенка как объект обучения и отводили учителю активную роль. Другие выступали за равенство учащегося как участника образовательного процесса, которое наиболее актуально в период новых образовательных стандартов при переходе от пассивной роли «сосуда, наполненного знаниями» к активной.

Теоретические основы активных методов обучения не новы. Проблема активизации личности в учебно-воспитательном процессе тревожила и основоположников педагогики, таких как Ж. Коменский, И. Песталоцци, А. Дистервег, Г. Гегель. Еще такие известные педагоги, как Руссо, Д. Дьюи, основатели дидактики, титаны педагогической науки говорили, что для успешного обучения важна активная позиция ученика.

В зависимости от сложившейся традиционной идеи урока существует три уровня активности:

1) попытка модернизации-стремление учащегося к пониманию, запоминанию, воспроизведению, усвоению методов применения знаний по образцу;

2) объяснительная деятельность-стремление овладеть смыслом, установить контакт, научиться применять знания в изменившихся условиях;

3) творческая деятельность – стремление к теоретическому пониманию, самостоятельному поиску решений проблем, яркому проявлению познавательных интересов.

Познавательная деятельность-одна из самых распространенных психологических характеристик творческих способностей человека. В педагогике познавательная деятельность является одним из важнейших звеньев разработки и реализации специальных методов обучения и воспитания, которые принято называть активными. Познавательная деятельность может возникать как ситуативная интеллектуальная потребность в поиске решения той или иной проблемы.

Проявление активности личности в обучении зависит от ее логики, а также от уровня познавательной активности ребенка, уровня развития учебной мотивации, определяющего специфику его личности. Теоретический анализ данной проблемы и передовой педагогический опыт показывают, что для ее решения необходимо создать психолого-педагогические условия, в которых ребенок может занять активную индивидуальную позицию, наиболее полно проявить себя как субъект учебной деятельности. Из вышесказанного следует понятие «активное обучение», которое подразумевает переход учебной деятельности от преимущественно регулятивных, алгоритмических, запрограммированных форм и методов организации дидактического процесса к проблемным, научно-исследовательским, опытно-конструкторским, поисковым.

Активные методы обучения- это методы, побуждающие к активной умственной и практической деятельности в процессе усвоения учебного материала. Активное обучение в основном предполагает использование системы методов, направленных не на представление учителем готовых знаний, их запоминание и воспроизведение, а на самостоятельное усвоение знаний и умений учащихся в ходе активной умственной и практической деятельности.

Основные признаки активных методов обучения:

- активизировать мышление, учащийся вынужден быть активным;
- длительное время активности-учащийся работает на протяжении всего учебного процесса, а не время от времени;
- самостоятельность в разработке и поиске решений поставленных задач;
- мотивация к обучению.

Из множества технологий, использующих активные методы обучения в отношении формирования личности учащихся в начальных классах, можно выделить следующие:

1. Деловая игра. Суть деловой игры заключается в творческой деятельности участников, которым необходимо найти проблему и пути ее решения.

Технологию деловой игры целесообразно использовать для:

- развитие навыков анализа и критического мышления;

- развитие профессиональных коммуникативных навыков;
- развитие чувства ответственности за последствия принимаемых решений;
- отработка типовых схем разработки управленческих решений в проблемных ситуациях;
- развитие творческого мышления;
- развивать навыки работы в команде.

2. Проектное обучение. Метод проекта представляет собой совокупность методов обучения, позволяющих решить определенную проблему в результате самостоятельных действий учащихся, с обязательным представлением результатов.

Технологию проектирования целесообразно использовать для:

- самостоятельное получение недостающих знаний из различных источников;
- получение знаний для решения познавательных и практических задач;
- овладение коммуникативными навыками и работа в разных группах;
- развитие исследовательских навыков;
- развитие системного мышления.

3. CASE-технология. Конкретные задачи метода активного проблемно-ситуационного анализа (решение кейсов) основаны на обучении через решение ситуаций.

Необходимо использовать CASE-технологии:

- развитие навыков анализа и критического мышления;
- изучение теории принятия управленческих решений на конкретных примерах.;
- отработка типовых схем разработки управленческих решений в проблемных ситуациях;
- развитие творческого мышления;
- развивать навыки работы в команде.

4. Учебные дискуссии. Учебная дискуссия может использоваться как форма организации обучения, так и как способ работы с содержанием учебного материала. Дискуссия является одной из важнейших форм образовательной деятельности, стимулирующей инициативу учащихся, развивающей рефлексивное мышление. Учебная дискуссия:

- является эффективным инструментом развития обучающихся;
- формирует у обучающихся качества, способствующие эффективному функционированию в условиях современного общества;
- способствует развитию критического мышления;
- способствует развитию навыков системного анализа;
- способствует формированию собственной позиции.

Особенности активных методов обучения заключаются в том, что они основаны на мотивации к практической и умственной деятельности, без которой нет прогресса в усвоении знаний.

Таким образом, активные методы обучения дают лучшие результаты по сравнению с традиционными методами обучения. Используя новые формы организации учебно-воспитательного процесса, можно внести вклад в развитие личности учащегося. Активные методы обучения дают широкие возможности для творческого поиска учителя, посредством ознакомления с ними способствуют развитию лидерских качеств учащихся, навыков работы в коллективе, защите своих позиций в решении задач. Активные методы обучения позволяют не только повысить интерес учащихся к изучаемому предмету, применить дифференцированный подход, но и развить творческую самостоятельность детей, научить работать с различными источниками знаний, создать условия для достижения успеха.

Использованные литературы:

1. Ахтямова Г.С. Активные методы обучения в начальной школе // Санкт-Петербургский образовательный вестник. 2017. № 8 (12).
2. Симонова Е. С. Методы на занятиях в школе // Школьный вестник. 2014. Т.9. № 5. С.49–51.

Карибаева Айжан Ергалиевна

Информатика пәні мұғалімі

"Ш.Әбенев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

Абай облысы, Абай ауданы, Жүрекадыр ауылы

ҚЫЗЫҚТЫ ИНФОРМАТИКА: ОЙЫН МЕН БІЛІМ ҮНДЕСТІГІ

***Аннотация.** Мақалада информатика пәнін оқытудағы қызығушылықты арттырудың жаңа тәсілдері қарастырылып, білім беру үдерісіне ойын элементтерін енгізудің артықшылықтары мен тиімділігі жан-жақты талданады. Қазіргі ақпараттық қоғамда оқушының тек қана дайын білімді қабылдаушы емес, оны ізденуші, өңдеуші және тәжірибеде қолданушы тұлға ретінде қалыптасуы басты мақсат болып отыр. Сол себепті информатика сабақтарында ойын мен білімді үндестіру, яғни ойын әдістерін ақпараттық технологиялармен сабақтастыра қолдану білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылыққа баулуға, логикалық ойлау жүйесін жетілдіруге ықпал ететіні дәлелденеді. Мақалада информатика пәнінің мазмұнын оқушыға қолжетімді әрі қызықты жеткізу жолдары, сонымен қатар заманауи жасанды интеллект пен геймификация құралдарын пайдаланудың тиімді тәжірибелері баяндалады.*

***Кілт сөздер:** информатика, ойын технологиясы, геймификация, жасанды интеллект, білім беру, оқушы мотивациясы, шығармашылық ойлау.*

Информатика – тек компьютерді қолдану немесе бағдарламалау негіздерін меңгерту емес, сонымен қатар логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты талдау мен өңдеудің тиімді тәсілдерін үйрету, жаңа технологияларды саналы түрде игеруге бағыт беру. Бұл пәннің мазмұны күн сайын жаңарып, қоғамдағы ақпараттық өзгерістермен бірге дамып келеді. Алайда оқушылардың информатикаға қызығушылығын арттыру, оны тек міндетті оқу пәні ретінде емес, өмірлік қажетті дағдылардың бастауы ретінде қабылдану үшін мұғалім дәстүрлі әдістерден тысқары ізденіп, оқытуда шығармашылық тұрғыда қадам жасауы тиіс. Осындайда «оқытудағы ойын мен білім үндестігі» ұғымы ерекше мәнге ие болады. Ойын – баланың табиғи болмысына жақын әрекет, ал білім – адамды тұлғалық тұрғыдан дамытатын басты құндылық. Екеуінің өзара үйлесімі оқушыны еркін ойлауға, белсенді әрекет етуге, қызығушылықпен білім алуға итермелейді.

Қазіргі таңда педагогикалық практикада геймификация әдістері жиі қолданыла бастады. Геймификация дегеніміз – оқу үдерісін ойын құрылымына сәйкестендіру, яғни ойын ережелері, ұпай жинау, деңгейлерді еңсеру, марапат алу сияқты элементтерді енгізу арқылы оқушылардың ынтасын ояту. Бұл тәсіл оқушыны тек бақылаушы емес, белсенді қатысушы етеді. Мысалы, информатика пәнінде бағдарламалау тілін үйретуде код жазуды жарыс түрінде ұйымдастыру, тапсырмаларды «квест» формасында құру, алгоритмдік есептерді логикалық ойын түрінде беру оқушылардың пәнге деген ықыласын арттырады. Әсіресе цифрлық ортаға бейімделген бүгінгі жас буын үшін мұндай әдіс тиімді әрі заманауи талаптарға сай келеді.

Ойын технологияларын пайдалану барысында мұғалімнің рөлі өзгеріп, ол енді тек ақпарат жеткізуші емес, оқушыға бағыт-бағдар беруші, ұйымдастырушы, шабыттандырушы тұлғаға айналады. Мұғалімнің міндеті – білім беруді ойынға айналдыру ғана емес, ойынды білім көзіне айналдыру. Мәселен, информатикада «Scratch», «Code.org», «Minecraft Education» сияқты платформаларды пайдалану арқылы оқушылар өз ойындарын немесе жобаларын жасай отырып, бағдарламалау логикасын меңгереді. Бұл тәсіл оларды тек дайын бағдарламаны қолданушы емес, шығармашылық ізденуші, жаңа өнім жасаушы деңгейіне көтереді.

Информатиканы оқытудағы басты қиындықтардың бірі – күрделі теориялық ұғымдарды түсіндіру және оларды тәжірибеде тиімді қолдану. Дәстүрлі әдістермен берілген ақпарат оқушы санасында ұзақ сақталмауы мүмкін, себебі ол қызығушылық тудырмайды. Ал ойын

элементтерімен толықтырылған сабақ барысында ақпарат есте ұзақ сақталады, себебі білім алушы оны тәжірибе жүзінде қолданады, сезінеді, әрекет етеді. Мұндай әдіс оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, алгоритм құруға, түрлі нұсқаларды салыстыруға, логикалық қателерді табуға жетелейді. Нәтижесінде тек пәндік білім ғана емес, жалпы танымдық қабілеттер дамиды.

Заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің де рөлі артып отыр. Информатика пәнінде жасанды интеллектке негізделген қосымшалар арқылы оқушыларға жекелендірілген тапсырмалар ұсынылады, олардың қателері автоматты түрде талданып, түзетіледі. Мысалы, оқушы белгілі бір алгоритмді дұрыс құрмаса, жасанды интеллект оған қателігін көрсетіп қана қоймай, оны түзетудің бірнеше жолын ұсынады. Бұл өз кезегінде оқушыға қателіктен қорықпай, оны жаңа білімнің кілті ретінде қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар жасанды интеллект оқушылардың даму динамикасын қадағалап, мұғалімге нақты деректерді ұсына алады. Осылайша, оқыту үдерісі дербестендіріледі, әрбір оқушының ерекшелігі ескеріледі. Бұдан бөлек, жасанды интеллект оқушылардың қабілетіне сәйкес күрделілік деңгейін біртіндеп арттырып, олардың интеллектуалдық өсуіне жағдай жасайды. Мәселен, бір оқушыға логикалық тапсырмалар көбірек берілсе, екінші оқушыға визуалды материалдар ұсынылады, үшіншісіне практикалық жобалар берілуі мүмкін. Мұндай тәсіл әр оқушының жеке оқу стилін қолдайды және олардың табиғи бейімділіктерін ашуға жол ашады. Оқушы өз жетістігін бірден көріп, қателерін түзетіп отырғандықтан, ол өз күшіне сенімді бола түседі. Ал мұғалім жасанды интеллекттің көмегімен оқушылардың жалпы білім деңгейін саралап, оқу бағдарламасын тиімді жоспарлай алады. Демек, жасанды интеллект тек техникалық құрал ғана емес, ол мұғалім мен оқушы арасындағы көпір, білімді тереңдетудің сенімді құралына айналуға.

Информатика пәнінде білім беру тек техникалық машықтарды үйретумен шектелмеуі тиіс. Ол оқушының сыни ойлау қабілетін, шығармашылық қиялын, зерттеушілік дағдыларын дамытуы қажет. Мұнда ойын мен білімнің үндестігі ерекше орын алады, себебі ойын барысында оқушы қиял әлеміне еніп, сол арқылы жаңа идеялар тудырады, ал білім сол идеяларды шынайы өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ақпараттық қауіпсіздік тақырыбын «киберқорғаушы» ойыны арқылы түсіндіру, мәліметтер базасын «қазына іздеу» формасында оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды практикалық тұрғыдан ойлануға жетелейді.

Сонымен бірге ойын технологиялары әлеуметтік дағдыларды дамытуға да ықпал етеді. Командалық ойындар кезінде оқушылар бір-бірімен пікірлесіп, ортақ шешімге келуді, әркімнің пікірін сыйлауды, жауапкершілікті бөлісуді үйренеді. Бұл қасиеттер кейінгі өмірінде де аса қажет. Информатика сабақтарында топтық жобаларды, командалық ойындарды ұйымдастыру оқушылардың бірлескен еңбегінің нәтижесін көруге, өзара ынтымақтастықты сезінуге мүмкіндік береді.

Ойын мен білімнің үндестігі – болашақта білім беру саласының басты бағыттарының бірі болмақ. Қазіргі заман талаптары мұғалімнен тек білімді жеткізуді ғана емес, оқушыны қызықтыра отырып үйретуді, оны өмірлік дағдыларға бейімдеуді талап етеді. Информатика пәнінің ерекшелігі – ол өз мазмұнында өмірлік тәжірибемен тікелей байланысты дағдыларды қамтиды. Сол себепті бұл пәнде ойын арқылы білім беру әдісі ерекше тиімді. Ойын элементтерімен сабақ жүргізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды ақпараттық қоғамда табысты өмір сүруге дайындайды.

Қорытындылай келе, информатика сабақтарында ойын мен білімнің үндестігін жүзеге асыру – білім алушының логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әлеуетін, ынтасын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі. Ойын – оқушыны еркіндікке жетелейтін, ал білім – оны биіктікке көтеретін құндылық. Екеуінің тоғысуы – болашақтың білім жүйесінің негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Gros, B. Digital Games in Education: The Design of Games-Based Learning Environments. *Journal of Research on Technology in Education*, 40(1), 2008.

2. Халық, С. "Білім берудегі заманауи технологиялар." – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
3. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R., & Nacke, L. "From Game Design Elements to Gamefulness: Defining Gamification." Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference, 2011.
4. Ryan, R. M., & Deci, E. L. Self-Determination Theory: Basic Psychological Needs in Motivation, Development, and Wellness. New York: Guilford Press, 2017.

Есенова Фариза Тохтарқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімінің "Рахат ауылдық округі №1 орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



**8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН
ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ СТРАТЕГИЯЛАР**

Аңдатпа

Бұл мақалада 8-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытуға бағытталған заманауи стратегиялар қарастырылады. Жазылым оқушылардың ойды жүйелеу, логикалық тұрғыдан жеткізу, шығармашылық қабілетін ашу және тілдік қорын байытудағы маңызды дағды болып табылады. Мақалада жазылымды қалыптастырудағы сын тұрғысынан ойлау технологиясы, саралап оқыту әдістері, АКТ құралдарын пайдалану, топтық және жеке жұмыс түрлері талданады. Сондай-ақ, мұғалім тарапынан берілетін тиімді кері байланыс пен бағалау әдістерінің жазылым сапасын арттырудағы орны көрсетіледі. Автор оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жазылымды дамыту үшін қолдануға болатын практикалық ұсыныстарды ұсынады.

Кілт сөздер: жазылым дағдысы, заманауи стратегиялар, 8-сынып оқушылары, сын тұрғысынан ойлау, саралап оқыту, АКТ, шығармашылық қабілет, кері байланыс, бағалау.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру басты міндеттердің бірі болып отыр. Бұл бағытта тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын тең дәрежеде дамыту ерекше маңызға ие. Соның ішінде жазылым – оқушының тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын негізгі дағды. Жазылым әрекеті арқылы оқушы ойды жүйелеуге, логикалық тұрғыдан жеткізуге, дәлелдеуге, пікір білдіруге, шығармашылық қабілетін көрсетуге үйренеді. Әсіресе 8-сынып кезеңі – жасөспірімдердің танымдық белсенділігі артып, өз ойын нақты әрі сауатты жеткізуге ұмтылатын уақыт.

Сондықтан бұл сыныпта жазылымды дамытуға арналған заманауи әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау өзекті мәселе болып саналады.

Заманауи білім беруде дәстүрлі диктант пен мазмұндама жұмыстары жалғыз әдіс ретінде қарастырылмайды. Жаңа формациядағы оқушы тек мәтінді көшіріп жазу немесе дайын ойды қайталау арқылы ғана дамымайды. Олар пікірталасқа түсіп, өз көзқарасын жазбаша түрде қорғауға, эссе, пікір, шағын мақала құрастыруға, тіпті цифрлық құралдар арқылы жобалық жұмыс жасауға дағдылануы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, саралап оқыту, АКТ мүмкіндіктерін пайдалану, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру – жазылымды дамытудың тиімді жолдары болып табылады.

Сонымен қатар, жазылымды үйретуде мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім оқушыларға тек тапсырма беріп қана қоймай, олардың ойлануына түрткі болып, дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Ал кері байланыс пен бағалау жүйесі оқушыға өз жетістігін бағамдауға, қателерін түзетуге мүмкіндік береді. Демек, жазылымды дамытуда тек жаттығулар орындаумен шектелмей, оқушының қызығушылығын оятатын, шығармашылыққа жетелейтін заманауи стратегияларды кешенді қолдану қажет.

Осы мақалада 8-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін заманауи стратегиялар қарастырылып, олардың тиімділігіне талдау жасалады.

Негізгі бөлім

1. Жазылым дағдысының 8-сыныптағы маңызы

Жазылым – оқушының білімін бекітіп қана қоймай, оның ойлау қабілеті мен дүниетанымын қалыптастыратын күрделі әрекет. 8-сынып оқушылары жас ерекшелігіне байланысты өзіндік пікір айтуға, ойды дәлелдеуге, сыни тұрғыдан бағалауға бейімделеді. Осы кезеңде жазылым тапсырмалары оқушының жеке тұлғалық дамуына ықпал етіп, дербес ой қалыптастыруға жағдай жасайды. Егер бастауыш пен орта буында жазылым дағдысы негізінен сауаттылыққа, грамматикалық дұрыстыққа бағытталса, 8-сыныпта ол ойды жүйелі жеткізуге, ғылыми-шығармашылық бағыттағы мәтіндер құрастыруға ұласады.

Мысалы, эссе жазу, пікір білдіру, рецензия құрастыру, әлеуметтік тақырыптарға шағын мақала жазу – осы сыныптағы жазылым жұмыстарының негізгі түрлері болып табылады. Мұндай тапсырмалар оқушыларды тек тілдік нормаларды сақтауға емес, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелдеуге, дереккөздерді салыстыруға, ақпаратты сараптауға да үйретеді.

2. Заманауи стратегиялардың қажеттілігі

Қазіргі таңда дәстүрлі жазба жұмыстары оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан мұғалімдер жазылымды үйретуде заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға ұмтылуы тиіс. Мұндай стратегиялар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың белсенділігін, дербестігін, жауапкершілігін қалыптастырады.

Заманауи стратегияларды қолдану бірнеше бағытты қамтиды:

- Сын тұрғысынан ойлау әдістері – ой қозғау, Венн диаграммасы, эссе жазу, пікірталас ұйымдастыру;
- Саралап оқыту – әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсыну;
- АКТ мүмкіндіктері – интерактивті тапсырмалар, онлайн-платформалар, цифрлық құралдарды қолдану;
- Жобалық және зерттеушілік жұмыстар – оқушыларды шығармашылыққа баулу;
- Кері байланыс пен өзін-өзі бағалау – оқушының өз жұмысына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

3. Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушының ойды талдауға, салыстыруға, жинақтауға және бағалауға дағдылануына мүмкіндік береді. Бұл әдіс жазылым дағдысын дамытуда ерекше тиімді.

Мысалы, «INSERT» әдісі арқылы оқушылар мәтінді оқи отырып, өз белгілерін қояды:

- «+» – жаңа ақпарат;

- «→» – бұрыннан белгілі;
- «?» – түсінбеген немесе қосымша білгісі келетін дерек.

Осыдан кейін оқушы мәтінге негізделген ой қорытындысын жазады. Бұл тәсіл жазылымға дайындықты жеңілдетеді.

Сондай-ақ, «Эссе жазу» – оқушының өзіндік пікірін жазбаша жеткізуге дағдыландыратын ең тиімді жұмыс. Эссе барысында оқушы өз көзқарасын жүйелеп, дәлел келтіреді. Мұнда мұғалімнің рөлі – тақырыпты дұрыс таңдауда және жазылым құрылымын үйретуде.

Пікірталас ұйымдастыру да жазылымға дайындықтың жақсы құралы болып табылады. Алдымен оқушылар ауызша пікір білдіреді, кейін оны жазбаша түрде эссе немесе мақалаға айналдырады.

4. Саралап оқыту әдісі

Әр сыныпта оқушылардың жазу дағдысы бірдей болмайды. Біреулері ойын еркін жеткізсе, енді біреулері қарапайым сөйлем құраудан қиналады. Сондықтан жазылымды үйретуде саралап оқыту әдісі ерекше орын алады.

Саралап оқыту:

- Қарапайым деңгейде – сөз тіркестері мен қысқа сөйлемдер жазу;
- Орта деңгейде – абзац құрастыру, мәтінді жалғастыру;
- Жоғары деңгейде – эссе, шағын мақала, пікір жазу.

Мысалы, барлық оқушыға ортақ тақырып беріліп, деңгейіне қарай әртүрлі тапсырма ұсынылады. Нәтижесінде әр оқушы өз мүмкіндігіне сай табысқа жетіп, жазылымға деген сенімділігі артады.

5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Қазіргі оқушылардың қызығушылығы цифрлық ортаға бағытталған. Сондықтан жазылымды дамытуда АКТ-ны қолдану өте тиімді.

Мұғалімдер интерактивті такта, онлайн-платформалар (Quizlet, Padlet, Google Docs, Kahoot т.б.) арқылы жазылым тапсырмаларын ұйымдастыра алады. Мысалы, оқушылар ортақ Google Docs құжатында бір мәтінді бірлесе құрастырады немесе Padlet қабырғасына өз ойларын жазып бөліседі. Бұл тәсіл оқушылардың ынтымақтастығын күшейтіп, жазылымды топтық әрекетке айналдырады.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен блог жүргізу де жазылымды дамытуға көмектеседі. Оқушылар шағын пост, пікір, реферат бөлісіп, бір-біріне кері байланыс береді. Бұл әдіс жазылымды өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға мүмкіндік береді.

6. Жобалық және зерттеушілік жұмыстар

8-сынып оқушылары үшін жобалық жұмыстар өте қызықты әрі пайдалы. Мысалы, «Менің туған өлкем», «Қоршаған ортаны қорғау», «Қазақ халқының салт-дәстүрі» тақырыптарында шағын жоба жасап, оны жазбаша түрде қорғау тапсырмасы беріледі.

Зерттеушілік жұмыс барысында оқушы түрлі дереккөздерден ақпарат жинап, оны жүйелеп, жазылым арқылы рәсімдейді. Бұл тәсіл оқушының ізденімпаздығын арттырып, ғылыми жұмысқа қызығушылығын оятады.

7. Кері байланыс пен бағалаудың рөлі

Жазылымды дамытуда мұғалімнің кері байланысы – шешуші фактор. Егер оқушы жазған жұмысына уақытылы әрі сапалы пікір алса, ол қателерін түзетіп, келесі жолы дұрыс жазуға ұмтылады.

Кері байланыстың түрлері:

- Жазбаша – мұғалім мәтінге түзетулер енгізіп, ұсыныстар береді;
- Ауызша – жұмыстан кейін талқылау;
- Өзін-өзі бағалау – оқушы өзінің жұмысын критерий бойынша бағалайды;
- Құрдастар бағалауы – оқушылар бір-бірінің жұмысына пікір білдіреді.

Бағалау кезінде тек қателерді көрсету емес, оқушының жетістігін де атап өту маңызды. Бұл олардың мотивациясын арттырады.

8. Практикалық ұсыныстар

Жазылым дағдысын дамыту үшін мұғалімдерге мынадай ұсыныстарды беруге болады:

1. Сабақта міндетті түрде шағын жазылым элементтерін енгізу (1–2 абзац).
2. Әр оқушыға деңгейіне сай тапсырма беру.
3. АКТ құралдарын тиімді пайдалану.
4. Жобалық жұмыстар арқылы жазылымды өмірмен байланыстыру.
5. Оқушының жұмысын міндетті түрде талқылап, кері байланыс жасау.
6. Шығармашылық жазылым түрлерін жиі қолдану: эссе, әңгіме, хат, пікір.
7. Пәндер арасындағы байланысты пайдалану (тарих, география, әдебиет).
8. Уақытылы бағалап, оқушының табысын атап өту.

9. Стратегиялардың тиімділігін талдау

Жоғарыда аталған заманауи стратегиялар жазылымды дамытуға кешенді түрде ықпал етеді.

- Сын тұрғысынан ойлау әдістері – ойды жүйелеуге, дәлелдеуге үйретеді.
- Саралап оқыту – барлық оқушыны қамтып, жеке жетістікке жетелейді.
- АКТ құралдары – сабаққа қызығушылық тудырады.
- Жобалық жұмыстар – дербестік пен шығармашылықты дамытады.
- Кері байланыс – оқушының мотивациясын арттырады.

Осылайша, жазылым дағдысын қалыптастыруда дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлестіріп қолдану ең тиімді нәтиже береді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 8-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамыту – олардың тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, ойлау қабілетін, шығармашылық мүмкіндігін жетілдіретін маңызды үдеріс. Заманауи білім беру жүйесі дәстүрлі әдістермен шектелмей, оқушыларды белсенді әрекетке тартатын, ойлануға жетелейтін жаңа стратегияларды қолдануды талап етеді. Сын тұрғысынан ойлау әдістері оқушыларды өз көзқарасын дәлелдеп жазуға дағдыландырады, саралап оқыту әр оқушының мүмкіндігіне қарай дамуына жағдай жасайды, ал АКТ құралдары сабақтың тартымдылығын арттырып, жазылымды өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жобалық жұмыстар мен зерттеушілік әрекеттер оқушының шығармашылық қабілетін дамытады, дербес ой қалыптастыруына ықпал етеді. Мұғалім тарапынан берілетін сапалы кері байланыс пен әділ бағалау оқушылардың алға ұмтылуына, жазылымға қызығушылығының артуына жағдай жасайды.

Демек, 8-сынып оқушыларының жазылымын дамытудағы заманауи стратегиялар – тек тілдік білімді жетілдіру құралы емес, оларды еркін ойлайтын, сауатты пікір білдіре алатын, ақпаратты талдап, жүйелеп жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі. Сондықтан әрбір мұғалім жазылымды дамытуда түрлі әдістерді тиімді үйлестіріп, оқушының жас ерекшелігі мен қабілетін ескеруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдікәрімова Т., Рахметова С., Қабатаева Б. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. – Алматы: «Білім», 2020.
2. Жұбанова Ә., Сарыбаева Г. Жазылым дағдысын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2019.
3. Қосымова Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: жалпы орта білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 2021.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас және оның оқыту әдістемесі. – Алматы: «Ан Арыс», 2016.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

*Журнал 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап жарық көруде.
Басылым айда 4 рет шығады.*

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 27 қазандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ35VPY00080588 берілген.

*Журнал издается с декабря 2023 года.
Периодичность выпуска — 4 раза в месяц.*

Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ35VPY00080588 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 27 октября 2023 года.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды. Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Басуға 15.09.2025 ж. қол қойылды.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Подписано в печать 15.09.2025 г.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты
«KEMENGER» ғылыми-әдістемелік
орталығының полиграфиялық қызметтер
бөлімінде басылып шығарылды.

Отпечатано в полиграфическом отделе
НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY



Ахмет Байтұрсынов



Бібырай Алтынсарин

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.


Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі.

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді.

Ұлы мұғалім шабыттандырады.



QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.

Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.